zangazet@mail.ru

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет №5 (3229) 21 қаңтар 2020

ЛЕНИНДІ ҚИМАЙТЫН ӨҢІРЛЕР БАР

2 бет

ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

6 бет

МИЛЛИАРДТАР МАҚСАТҚА САЙ ЖҰМСАЛСА ЕКЕН

8 бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АРДАҚТЫЛАРДЫ

МЕРЕЙТОЙДА ҒАНА ЕСКЕ АЛАТЫНЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Тәуелсіздіктен кейін кеңестік дәуірде ұмыт қалған батыр, би, хандар мен сұлтандардың есімін жаңғыртып, ұланасыр той жасап, ас беріп, ескерткіш тұрғызып, еңбектерін насихаттау жұмысы басталды. Бұл, әсіресе, мерейтойлар тұсында қарқынды жүргізілді. Нарықтың өтпелі кезеңінде тіршілік қамын күйттеп, тұрмыстық қиындықтардан еңсесі түсе бастаған халықтың көңілін көтеріп, рухын жаңғыртуда оның алар орны ерекше болғаны күмәнсіз. Дегенмен, кейде мұны мақтан мен мадақтың құралына айналдырушылар да аз болған жоқ. Сондықтан ҚР Тұңғыш Президенті «біз тойларды тарихтан тағылым, ұлылардан ұлағат алу үшін өткізуіміз керек» деген болатын.

(Соңы 3-бетте)

БАЗЫНА

«БӨТЕН КӨЛІК» МІНГЕНДЕР БИЛІККЕ ӨКПЕЛІ

ӨЗ ЕЛІМІЗДЕ БАҒАСЫ ҚЫМБАТ БОЛҒАНДЫҚТАН, АМАЛСЫЗ ШЕКАРА АСЫП, АРМЕНИЯ, ҚЫРҒЫЗ ЕЛДЕРІНЕН КӨЛІК АЛЫП КЕЛГЕНДЕР БҮГІНГІ КҮНІ КӨШЕДЕ ЕМІН-ЕРКІН ЖҮРЕ АЛМАЙ ОТЫР. ШАРАСЫЗДЫҚ ҚАМЫТЫН КИГЕНДЕР САНЫ ДА АЗ ЕМЕС, БАҚАНДАЙ 170 МЫҢ. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙДЫҢ БІР КҮНДЕ ҚАЛЫПТАСПАСЫ ТАҒЫ БЕЛГІЛІ. НАРАЗЫЛЫҚ ТАНЫТЫП, НАЗЫН АЙТҚАНДАР МҰНДАЙ ҚАДАМҒА ӨЗГЕЛЕРДЕН ЕРЕКШЕЛЕНУ ҮШІН ЕМЕС, ҚАРЖЫСЫН ҮНЕМДЕП, ҚАЛТАСЫНА САЛМАҚ ТҮСІРМЕУДІҢ ҚАМЫ ҮШІН БАРҒАНДАРЫН АЙТЫП, БИЛІКТЕН САУҒА СҰРАУДА. ЖАЛПЫ, ТІРКЕЛМЕГЕН КӨЛІКТЕР САНЫ 170 МЫҢҒА ЖЕТКЕНШЕ ҚҰЗЫРЛЫ ОРЫНДАР НЕ ІСТЕП КЕЛГЕН? ОЛАРДЫ «ҰЙҚЫДАН ОЯТҚАН» НЕ?

Халықтың қалтасымен кім санасады?

«Машина арзан болған соң біз автокөлікті Армения асып, 3 мың км жол жүріп барып алып келдік. Сол кезде бізге ешкім ескерткен жоқ. Тіпті «Осындай кедергілер болады» деп шекарадан өткенде қағаз да берген жоқ. Келген соң ел ішінде еркін жүрдік. Енді бір күнде жағдай өзгеріп отыр. Армениядан көлікті 4 миллион теңгеге алдым. Енді есептесем, рәсімдеу үшін оның үстіне 3 миллион теңге ақша қосуым керек», дейді наразылық танытқан жүргізушілердің бірі Руслан Сатымбайұлы.

Рас, заңға бағыну керек. Бірақ, ол заң сенің құқығыңды бұзып тұрса, қалтаңда жоқ қаржыны талап етіп, әлеуметтік жағдайыңмен санаспаса ше? Сондықтан наразылық танытқан көлік жүргізушілері өз көліктерін уақытша есепке алуды, не болмаса көліктерін есепке қою үшін кедендік баж салығына жеңілдік жасауды сұрап отыр. Жалпы ел заңнамаларының қарапайым халықтың жағдайымен санаса бермейтіні қынжылтады. Кедендік салыққа сай қаржы төлей алатын болса, көлік жүргізушілері шекара асып көлік іздемей-ақ еліміздегі қымбат көліктердің бірін сатып алып отыра бермес пе еді?!

Шынымен шетелдік көлік қана тәртіп бұза ма?

Алайда құзырлы орындар негізгі түйткілдің бетін бүркемелеп елдің назарын басқа жаққа аударып әлек. Дәл осы «трюк» кезінде оң жақ рөлді көліктерге тыйым салу кезінде де қолданылған еді. Онда да статистиканы алға тартқан бастамашылар жол көлік апаттарының басым бөлігін оң жақ рөлді көлік иелері жасайды дегенге келтіргені есімізде. Әлеуметтік желіні желдей ескен қазіргі жазбалардан да жолдағы жүгенсіздіктерге Армения, Қырғызстан көліктерін мінгендерді кінәлі ету мақсаты тұрғанын аңғару қиын емес. Статистикаға сенсек, өткен жылы осы санаттағы көліктердің қатысуымен 1 854 жол апаты тіркелген. Соның салдарынан 132 адам көз жұмып, 500-ден астамы жарақат алыпты. Бұдан бөлек, жылдамдықты асыру, жол белгілерін сақтамау сияқты 90 мыңнан астам тәртіп бұзушылық орын алып, айыппұлдың жалпы сомасы 1,1 млрд теңгеден асқан көрінеді. Негізінен мұндай көліктер еліміздің батыс өңірінде көбірек кездеседі екен. Мәселен Ақтөбеде тіркеуге қойылмаған 16 мыңнан астам шетелдік көлік бар екен. Олардың дені Ресей Федерациясы, қалғаны Армения мен Қырғыз елдерінен әкелінген. Сол секілді Батыс Қазақстан облысы аумағында 42 мыңнан астам шетелдік нөмірлі көлік бар.

(Соңы 3-бетте)

САТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Марат АХМЕТЖАНОВ , ҚР Бас прокурорының орынбасары:

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕРДІҢ СОТҚА ЖЕТЕТІНІ СИРЕК»

– Марат Мұратұлы, жуырда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамаларды жетілдіру және жеке адамның құқықтарын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Жаңа құжаттың осындай өзгерістермен қолданысқа енуіне не себеп болды? Бұл қазақ қоғамында қылмыс көбейіп кетті дегенді білдіре ме?

(Соңы 5-бетте)

НАРАЗЫ ЖҮРГІЗУШІЛЕР МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШКЕН ЖӨН?

ОЙТАЛҚЫ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ, Л.Гончаров атындағы Қазақ көлік академиясының профессоры, техника ғылымдарының докторы:

– Дәл қазір бізге шетелдік нөмірлі көліктердің мәселесін барынша тиімді шешу керек. Өйткені қоғамның бір бөлігі салық төлемейтін, заңды түрде тіркеуден өткізгісі келмейтін, тіпті айыппұл төлеуден де жалтарып жүрген мұндай көлік иелеріне наразы болса, келесі біреулері қалтасындағы қаржысы жетпегендіктен, амалының жоқтығынан шекара асып әкелген көліктердің тіркелмеуіне қарсылық көрсетуде. Тіркеп берсек, ертеңгі күні заңға бағынбай, ретін тауып заңдастырармын деушілердің қатары артып кетуі мүмкін. Өйткені бұл көліктерін заңдастырған басқа азаматтардың құқығына қол салу емес пе? Сондықтан мәселенің «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмейтін» алтын аралығын табуымыз керек.

Елімізде шетелдік нөмірлі көліктер мәселесі ушығып тұр. Соған орай жүргізушілер наразылық білдіріп, өз ұсыныстарын жеткізуде. Дегенмен құзырлы орындар әзірге мәселенің нақты шешімін айтар емес. Ал, мамандар не дейді?

Нұрлан АПАХАЕВ, заңгер:

Ең алдымен көлік жүргізушілері заңға бағыну керек. Заң бойынша шетелдік нөмірлі көліктер тіркелуге міндетті. Мәселен қазір жол-көлік оқиғасы орын алып, шетелдік нөмірлі көлік иесі оқиға орнынан қашып кетсе, оны ұстау оңай емес. Өйкені ол көлік тіркеуде жоқ. Бұл заңға қайшы. Негізі халық шетелден жаппай көлік сатып алып жатқанда білді ғой ертең талап күшейетінін. Сонда да сатып ала берді. Енді заңды мерзім бітіп, ескерту жасай бастағанда бәрі аңқаудың күйін кешіп жатыр. 2014 жылдың 10 қазаны мен 2020 жылдың қаңтар айлары аралығында кедендік рәсімдеуден өткен Армения көліктеріне жеңілдік режимі жұмыс істеді және ондағы рәсімдеу құны Қазақстандағыдан гөрі арзандау болды. Тіркету ойында бар жүргізушілердің сол жеңілдікті пайдалануына болар еді. Демек халық «әйтеуір тіркеп берер» деп әрекетінің заңсыз екенін біле тұра уақыт созды.

(Соңы 3-бетте)

МҰНЫ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

ЛЕНИНДІ **ҚИМАЙТЫН** ӨҢІРЛЕР БАР

Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылға жуықтады. Бірақ, қазір алғашқы қарқын басылған. «Бәрін қазақыландыру керек», «Мемлекеттік тілдің мәртебесін неге көтермеске?», «Қазақы атауларды қайтаратын кез келді» деген алашапқын тірліктің бәрі егемендіктің алғашқы жылдарымен бірге тарих қойнауына кеткендей. «Осымыз асығыстық емес пе, басқа ұлттардан ұят болмасын» деген кемтар психология өткенін түгендеуге деген екпінді әлсіреткені анық. Содан болар, еліміздің шалғай ауылдары тұрмақ, облыс орталықтарындағы көше атауларын қазақыландыру күрмеуі қиын тірлікке айналды. Әйтпесе, Қарағанды қаласындағы Ленин көшесінің атын ауыстыруға осыншама даурығар ма едік.

«Күн көсемге» қойылған ескерткіштерді жария түрде құлатып, жер-су атаулары бірінен соң бірі ауыстырылып жатқанда Қарағандының «өткенге адалдық» танытуы таңқаларлық. Шыны керек, ол кісінің есімі әлдеқашан ұмыт болған шығар деп ойлағам. Сөйтсем қателесіппін. Лениннің есімін әспеттеп келген қала Қазақстан астанасының дәл жанында тұр. Бірақ, Нұр-Сұлтандағы қазақыландыру ісі бұл жерге енді-енді жете бастағандай. Егер әлеуметтік желілерде қызу тартыс болмағанда көше атауының жаңа өзгертіліп жатуын жергілікті биліктің немкеттілігімен байланыстыруға болар ма еді. Алайда, байқап отырғанымыздай орталық, солтүстік өңірлерде мұндай өзгерісті «жүрегіне жақын» қабылдайтындар әлі де көп екен. Өкініштісі, бұл топ жер-су атауларының қазақшалануы елдің тарихын жоқ ету деп түсініп, өткені жоғалған жұрттың болашағы бұлыңғыр деген пікірмен сөзін түйіндеуге төселген. Сөз жоқ, барды бағалаған, тарихты ұмытпаған дұрыс. Бірақ, Қазақстанның тарихы Ресейдің қол астына өткен кезден басталады дегенді кім айтты? Мұны екіленген блогерлер естігісі, тыңдағысы келмейді. Оларды ақылға шақыру үшін қазақтың көне тарихын тәптіштеп оқыту керек. Ал, біз жоғары оқу орындарында ел тарихын тек тәуелсіздік алған кездерден бастап жүрміз. Бұл түптеп келгенде біздің ұлттық идеологияға қатысты жұмыстарымызды дұрыс үйлестірмей отырғанымыздың кесірі.

Шыны керек, Қарағандыда жер-су атауларының өзгеруіне орай өтетін талқылауға жергілікті тұрғындар ерекше дайындалды. Бұқаралық ақпарат өкілдеріне өтініш айтып, ұсынысымыз аяқасты қалмаса екен деген тілектерін қиыла жеткізді. Кәдімгі көшені емес, көсемді өзгертуге жиналған ба дерсің. Өзгеріс бюджет қоржынына зиянын тигізбес үшін ел арасынан қаржылай қолдаушылар шығып, жаңа атауға қатысты шығынды толық жауып беретін де болды. Жиын бітті. Алақайлаған, бір-бірінен шүйінші сұраған жұрт. Барлығы Ленин көшесінің Абай атанғанына риза. Тәуелсіздіктің отызыншы жылында қазақ баласы Лениннің атауын өзгерткенге осынша мәз болады деп кім ойлаған? Жалпы, осының барлығы біздің көңілжықпас мінезіміздің кесірі емес деп кім айта алады? Мұның барлығы ұлт болашағына керек мәселелерді «ұлтшылдық» деген рамканың ішіне салып қоюымыздың кеселі.

Нұрлан ШЫНТАЕВ

БІЛГЕН ЖӨН

ЗАҢЫ МЫҚТЫ ҚОҒАМДА ТӘРТІП САҚТАЛАДЫ, ҚАУІПСІЗДІК ОРНЫҒАДЫ. КЕЗ КЕЛГЕН ЗАЙЫРЛЫ, ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚОЛҒА АЛҒАНДАҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ДА ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ОРНАТУДЫ КӨЗДЕГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДА ЗАҢДАРДЫҢ ПӘРМЕНІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА ОТЫЗ ЖЫЛҒА ЖУЫҚТАДЫ. СОЛ ҮРДІСПЕН БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРНЕШЕ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙҒАНЫ МӘЛІМ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ӘКІМШІЛІК, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДАРҒА ЕНГІЗІЛГЕН ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ХАЛЫҚҚА ТАНЫСТЫРУ, БӨЛІСУ АСА МАҢЫЗДЫ.

МАЛ ҰРЛАУДЫ КӘСІП ЕТКЕНДЕРДІҢ ЖАЗАСЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Асыл ІЗТІЛЕУОВА,
Байқоңыр қалалық сотының судьясы

Жалпы заңнамаларды жаңғырту бойынша іс-шаралардың қабылданып жатқанынан жұрттшылық жан-жақты хабардар. Өйткені, өзінің алғашқы Жолдауында Президент құқықтық құжаттарда қандай мәселелерге назар аудару қажеттігін тәптіштеп айтып, бағыт берген болатын. Соған орай ортаға қауіп төндірмейтін қылмыстарға қатысты жазаларды ізгілендіру, педофилия, мал ұрлау, броконьерлік, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға заңмен қатаң тыйым салу бойынша мәселелер зерделеніп, тәжірибедегі жағдай сарапқа салынып, заңдық шешімін тапқанын жақында қолданысқа енгізілген жаңа құжаттар айғақтайды.

Соның ішінде шалғай ауылдарда тұратын халықты елеңдетіп отырғаны мал ұрлығына қатысты өзгерістер болса керек. Рас, соңғы кезде мал ұрлығы еселеп өсіп кетті. Негізгі табыс көзі, күнкөрісінің басты нысаны болып отырған малынан ажырау ауыл тұрғындарына оңай соқпайтыны анық. Өкінішке орай, барымташылардың қолға түспеуі, малының табылмауы ауыл халқын ашындырып-ақ келеді. Ұрлар табылған күннің өзінде не малдың, не соның өтемін қайтара алмау кейінгі кезде қалыпты жағдайға айналып кеткен еді. Өйткені бір-бірімен көз таныс, жүз таныс болған ауыл, аудан халқының кеңдігі ұрыларды да әбден есірткендей. Жазасыздық, жазаның төмендігі қылмыстың қайталануына алып келетінін әділ аңғарған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мал ұрлығына қатысты жазаны қатайту туралы тапсырмасы көпшіліктің көкейіндегісін дөп басқандай болды.

Осыған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында мал ұрлығына қатысты жаза барынша қатайтылды. Заңдағы 188-1-бапта бөтеннің малын ұрлағандардың мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны көрсетілген.

Ал, енді алдын ала сөз байласу арқылы мал ұрлаған қылмыстық топпен, ірі мөлшерде мал ұрлаушылардың жазасы бұдан да ауыр. Олардың да мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ұрлықты бірнеше рет, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасағандар мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Соның ішінде мал ұрлығын жасаған қылмыстық топтың жазасы да осал емес. Жаңа өзгеріске сай бөтеннің малын ірі мөлшерде ұрлаған топтың мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Дәл осы айып тағылып, істі болған қылмыскерлермен келісімге келуге түбегейлі тосқауыл қойылған.

«Мал ашуы – жан ашуы» дейтін халықтың жоғалғаны табылса «Қайтқан малда береке бар» деп дау қумай мәселені жылы жауып қоя салатыны ешкімге таңсық болмаса керек. Ұрыларды есіртетін де осы. Сондықтан жаңа заңдағы өзгеріс мал ұрлығының кемуіне айтарлықтай әсер етеді деп күтілуде. Жалпы мал ұрлағандарды табу, ұстау қандай қиын болса, қылмысты дәлелдеу мен жоғалған тұяқты орнына қою одан да күрделі. Біреудің қорасындағы малды болмашы ақшаға сата салатын қылмыскерлер өз қателігін мойындап, кешірім сұрағанымен, көбінесе ұрлағанын орнына қойып бере алмай, қиналады. Осы ретте заңнамадағы жаңа өзгеріс қарапайым азаматтардың өтемақысыз қалмауын да қамтамасыз етер деген үмітіміз бар.

Бұдан бөлек, табиғат ананың байлығына рұқсатсыз зиян келтіріп, қызыл кітапқа енген аң-құстарды аулаушылардың да жазасы қатаятынын қаперде ұстаған жөн. Бұл қылмыс та енді ауыр қылмыстар санатына жатқызылып, аңдарды ұйымдасып аулағандардың он жылға дейін бас бостандығынан айырылатыны белгіленіп отыр.

Қазір осы өзгерістерді түсіндіру, бұрынғы заңнама мен қазіргі құжаттағы жаңғыртуларды салыстыра отырып тәжірибемен бөлісу бағытында көптеген жұмыстар қолға алынуда. Бабаларымыз айтқандай «Қойын алдырған соң қорасын бекітіпті» деген мәтелдегі қателікті халық қайталамауы керек.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі – Сот тәуелсіздігі болып табылады. Сот төрелігі – соттың мемлекеттік қызметі, құқық қорғау және сот төрелігі бағыттарының бірі. Ол сондай-ақ, маңызды өкілеттіктер қатарына жатады, оның жүзеге асырылуы сот билігінің жұмыс істеуіне байланысты.

Соңғы жылдары республиканың сот жүйесіне заманауи технологиялар енгізілуде. Сот жұмысының тәжірибесіне интернет жетістіктерін енгізу, басқа да техникалық жаңалықтарды пайдалану сот төрелігін іске асырудың сапасы мен жеделдігін жақсартады, оң имидж қалыптастырады, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдетеді.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап республикада электрондық сот төрелігіне бірінші қадам жасалды. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі жеке және заңды тұлғаларға Интернет арқылы сотқа талап арыз беруге рұқсат беретін нормамен толықтырылды.

Жыл сайын осы бағытта сот төрелігіне қолжетімділікті жақсарту үшін іс-шаралар жүргізілуде. 2014 жылдан бастап сот жүйесінде «Сот кабинеті» қызметі пайда болды. Аталған қызмет азаматтардың ақпараттарды кедергісіз алуына жол ашқан. Іске қосылған ақпараттық сервистердің арқасында азаматтар үйден шықпай-ақ, интернетті пайдалана отырып, сот құжаттарымен таныса алады. Сот кабинеті жүйесі арқылы барлық сот барысын электрондық форматта бақылауға болады. Қызметтің бұл түрі азаматтарға электрондық түрде талап арыз, сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы өтініш, сот отырысының хаттамасына ескерту және өтініш жасауға мүмкіндік береді.

Сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, бюрократиялық кедергілерді жояды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады, сыбайлас жемқорлықты болдырмайды. Әрине, мұндай форматтағы іс-шаралар әрбір азаматқа шектеусіз сот әділдігіне қолжеткізуді қамтамасыз ететін болады.

Арман ЖҮКЕНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
Сарыарқа аудандық сотының төрағасы

СЕМИНАР

ӨЗГЕРІС ӨМІРЛІК ҚАЖЕТТІЛІКТЕН ТУДЫ

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық сотында Қылмыстық кодекске, Қылмыстық–процестік кодекске және Әкімшілік құқықбұзушылық кодекске енгізілген өзгерістерді түсіндіру бойынша семинар өтті. Оған аудандық соттың судьясы Олжас Миралиев, аудан прокуратурасының өкілі Ерік Нұрмағанбетов, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Қайрат Хасенов, полиция және төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Сот төрағасы Мереке Шүкіров Қылмыстық кодекске және Қылмыстық- процестік кодекске енгізілген өзгерістерге жан-жақты тоқталды. Және де қылмыстық процеске қатысушылардың құқығы күшейтілгенін, кепіл институтын жетілдіру мен хаттамалық нысан институты кеңейтілгеніне көпшіліктің назарын аударды.

Жиын барысында сөз алған судья Олжас Миралиев ӘҚБтК-нің 608-бабында көрсетілген құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілгенін, сот қарамағындағы кейбір құқықбұзушылықтың құрамдары мемлекеттік органдарға берілгенін атап өтті. Құқықбұзушылықтың кейбір құрамдары бойынша әкімшілік жазаның балама түрлері енгізілгені жөніндегі өзгерістерге жеке тоқталып, жаңалықтың маңыздылығына мән берді.

Семинар соңында сот төрағасы Мереке Өтепқалиұлы қылмыстық істер мен материалдарды және әкімшілік істерді қарау барысында енгізілген өзгерістерді толық зерделеу қажеттілігі жөнінде ұсынымдар берді.

Серікжан ЖАРОЛЛА,
Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

Он қадам

Пилоттық жобалар өзін ақтады

Сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру және сот шығындарын азайту мақсатында Алматы облысының соттарында пилоттық жобалар сәтті әрі жүйелі жұмыс істеуде.

«Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасы бойынша Алматы облысының соттарына 4904 талап-арыз түсіп, қаралған (2018 жылдың мамыр-желтоқсанында – 1 226). Оның ішінде 1103 талап арыз бойынша судьялар тараптарды медиативтік келісім келтірген (2018 жылғы мамыр-желтоқсан – 359), 7 татуласу келісімі жасалған (2018 жылғы мамыр-желтоқсан – 0).

Сондай-ақ, отбасылық және неке қатынастары саласындағы істерді қарауда аса мұқияттылықты талап ететін, сонымен қатар аймақтағы жергілікті соттардың өндірісіндегі кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қорғауды, отбасы мен отбасылық құндылықтар институтын нығайтуды қамтамасыз ететін «Отбасылық сот» пилоттық жобасы жүзеге асуда. Аталған жоба бойынша соттарға 11 119 азаматтық іс түсіп, оның 10 108-і өндіріспен аяқталды. (2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9494 іс түскен, 8895 азаматтық іс аяқталған). Осылайша, 2019 жылы келіп түскен істер санының 1625 іске немесе 15%-ға өсуі байқалады. Медиация тәртібімен даулардың 1 495 ісі аяқталды, ал 2018 жылы 1090 іс аяқталған.

«Виртуалды сот» жобасы бойынша 590 іс қаралды, оның ішінде азаматтық істер бойынша – 424, қылмыстық істер бойынша – 91, әкімшілік істер бойынша – 75 (2018 жылдың қазан-желтоқсан айларында 107 іс қаралған, оның азаматтық істер бойынша – 65; қылмыстық істер – 13; әкімшілік істер – 29).

Сот ісін жүргізуді жеделдететін және жеңілдететін «Түнгі сот» жобасы аясында облыста 1294 әкімшілік іс қаралған (2018 жылдың қазан-желтоқсанында 239 қаралған).

Ескерте кететін маңызды бір жәйт, аталған жобалар тұрақты жағдайда іске асырылатын болады. Осылайша, 2020 жылғы 15 қаңтардан бастап әкімшілік істерді жедел қарау ережелері 2020 жылғы 4 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен іске қосылды. Еңбек ұжымдарындағы жанжалдарды азайтуға бағытталған «Қоғамдық-құқықтық қатынастардан туындайтын еңбек даулары мен дау-дамайды болдырмау» пилоттық жобасына сәйкес барлығы қырық тоғыз азаматтық іс аяқталды, олардың жиырмасы медиация тәртібімен аяқталып отыр.

Алматы облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АРДАҚТЫЛАРДЫ МЕРЕЙТОЙДА ҒАНА ЕСКЕ АЛАТЫНЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені көп жағдайда елдің ардақты тұлғаларын ұлтты ұйыстыру үшін емес, белгілі бір мерейтойлық шаралар кезінде ғана іздеп, қалған уақытта зерттеу, еңбектерін тарихи-мәдени мұраға айналдыру жағы бәсеңдеп қалатыны ешкімге жасырын емес. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Жолдауында: «Ендігі жылы бәріміз әл-Фарабидің 1150, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өтеміз. Мерейтой барысында ысырапшылдыққа жол бермей, ұлама тұлғаларымыздың еңбегін халық арасында дәріптеуіміз керек» деді. Ал 9 қаңтардағы «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз дей келе: «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», – деген сұрақ тастаған еді. Президенттің әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатынын, Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құруды жоспарлап отырғанын халық та құптауда. Дегенмен осы шаралар мерейтойсыз-ақ жоспарлы негізде, белгілі бір жүйемен атқарылуы тиіс істер екенін бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан Мемлекет басшысы тапсырма бермесе Үкімет өз бетімен шешім қабылдай алмай ма деген сауал осы арада еріксіз ойға оралады.

175 жылдық мерейтойға – 3 млрд теңге

Мәдениет және спорт министрлігінің хабарлауынша, Абайдың 175 жылдығына арналған бюджеттік қаржының көлемі 3 млрд теңгені құрап отыр. Оған демеушілердің көмегін қосатын болсақ, көлемі бұдан да ұлғаяры күмәнсіз. Алайда қаржының тиімді жұмсаларына ешкім кепілдік бере алмайды. Өйткені қазірдің өзінде Абайдың шығармаларының аудармасы мен өмірі жайлы фильмге қатысты мәселелер әлеуметтік желіде сынға ілініп үлгерді. Атап айтқанда, ақын, аудармашы Дәурен Мұқанов фейзбуктағы жеке парақшасында әкесі Ғалымжан Мұқановтың аудармаларын пайдалануға түбегейлі қарсы екенін айтып, мұрагерлікке қатысты заңнаманы алға тартса, белгілі режиссер Т.Теменов ресейлік кинорежиссер Егор Кончаловскийдің «Абай» операсын теленұсқаға түсіретініне көңілі толмайтынын жеткізді. Бұл сұрақты Мәдениет және спорт министрлігі жауапсыз қалдырған жоқ. Министрдің кеңесшісі Ерлан Жұрынбаев фейзбуктағы парақшасында: «Достар, әлеуметтік желіде тарап, қызу талқыланып жатқан ресейлік кинорежиссер Егор Кончаловскийдің Абай Құнанбайұлы туралы фильм-опера түсіретіні туралы ақпарат жалған екенін хабарлаймыз» дей келе өсек-аяң термей, шындыққа көз жеткізіп алып жазу қажеттігін қаперге салды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, Абайдың толық шығармалар жинағы 10 шет тіліне аударылып және 3 мың дана таралыммен басып шығарылады екен. Қазіргі таңда Ұлттық аударма бюросы Абай шығармаларын аудару, басып шығару, тарату және шетелдерде тұсаукесерін өткізу жұмыстарына, ақынның толық шығармалар жинағын 10 шетел тіліне сапалы аудару жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ, ғұлама Абайдың өмірі және шығармашылығы туралы кітаптар, энциклопедиялар, фотоальбомдар мен басқа да баспа өнімдерін басып шығару мүмкіндігін қарастыру туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтінімдер жоспарға енгізілген.

Абайдың өмірі, шығармашылығы, мұрасы және қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы 8 қойылымдық-деректі фильм түсіріліп, көрерменге тарту етілмек. Осы орайда, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының 2019 жылдың 30 қыркүйегі мен 31 қазан аралығындағы іріктеу конкурсына Абай туралы 3 деректі және 3 көркем фильм киножобасы келіп түсті. Келесі кезекте, аталған орталық қолданыстағы заңнамаға сәйкес, киножобаларды Сарептама кеңесінің қарауына шығармақ. Сонымен қатар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен: 4 деректі фильм («Qazaqstan» телеарнасында «Абайдың тұңғыш жинағы», «Абайдың мұрагері», «Ақынның музыкалық әлемі», «Абайдың алғашқы кітабы», «Хабар» телеарнасында Абайдың «Қара сөздері» тақырыбында деректі фильмдер циклы. Әрбір деректі фильмнің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды); «Абай» телесериалы («Qazaqstan» телеарнасы 6 сериялы телесериал, әр серияның хронометражы – 42 минут) түсіріледі. Мерейтойды ақпараттық қолдау мақсатында министрлік «Абай мұрасы – адам қазынасы» атты әлеуметтік бейнелер мен қысқа метражды фильмдер фестивалін өткізу.

Бір қарағанда бәрі көз қуантып, көңіл сүйінерлік істер. Алайда осы жұмыс дәл мерейтой кезінде жасалуы неліктен? Неге бұған дейін жүйеленіп, жоспарланбаған деген сауалымыз біреулер үшін орынсыз сын боп көрінуі мүмкін. Өйткені «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегендей Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының іріктеу конкурсы туралы мәліметті министрліктің өзі таратып отыр. Біз ұстанымын айқындау үшін хабарласқан Талғат Теменов: «мен оны «Қазақфильмге» барғанда басшылардан естідім. Оны біреуі шын, біреуі өтірік дейді. Жалпы Абайдай ұлы тұлғаға қатысты мұндай үлкен дүниені қазақтың дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін білмейтін адамға сеніп тапсыруға болмайды. Оны өзге емес, өзіміз түсіруіміз керек дегенім рас. Өйткені бұл бір жылдық қана емес, келер ұрпақтың да игілігі үшін жасалатын жұмыс» деп фильм мемлекет қаржысына түсірілетін болғандықтан оның өміршең болуына осы бастан көңіл бөлу керектігін жеткізді.

Біздің мақсат «шымшық сойса да қасапшы сойсын» дегендей қандай іс болса да кәсіпқой мамандардың қолынан өтсе деген тілек. Өйткені ел болып жұмылып 175 жылдықты да аман-есен өткізерміз. Алайда тойдан кейін не қалды деген кезде ішкен ас пен ондағы мадақ-марапатқа ғана тоқмейілсіп, күмілжіп қалмасақ екен деген ниет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Гөзел ҚҰЛЖАБАЕВА, көгалдандырушы:

Семей мен Жидебайдың арасын «Абай жолына» айналдырсақ

– Осыдан 5-6 жыл бұрын Франциядағы Наполоенның жатқан жерін көргеннен кейін маған бір ой келді. Қазақты әлем ең алдымен Абай арқылы таниды деп 170 жылдығы қарсаңында туған жеріне арнайы бардым. Сонда Семей мен Жидебайдың арасындағы автожолдың шетіне қарағаш егіп, «Абай жолына» айналдырса, күре жолдан Жидебайға дейінгі аралыққа жиде, ал Абайдың тұрған үйінен ет жақындарының сүйегі жатқан орынның арасына емен ағашын ексе деген ұсынысымды айттым. Оған қажетті 170 емен ағашын дайындап, көгалдандыруды өз мойнима алмақ болдым. Сендіре алмадым ба, әйтеуір оларға ұсынысым қажет болмады. Сондықтан Абай бағын Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы өз ауылымда жасадым. Нұрым ауылындағы мектеп жанындағы 1 гектар жерге 170 емен ағашын егіп, Абай бағын аштым. Ұлы тұлғаны танытқан Мұхтар Әуезовтың атына 2 гектар жерге қарағай бағын жасадым.

Мемлекет басшысы 175 жылдыққа орай үкіметке әйгілі Жидебайды, Ақшоқы елдімекеніндегі Құнанбай әулетінің қорымын абаттандыруға тапсырма беріп отыр. Әрине, қысқа уақытта оны жоғары деңгейде жүзеге асыру қиын. Дегенмен бұл іс мерейтоймен шектеліп қалмай, жүйелі түрде жүзеге асса бәрін көңілдегідей етіп жасауға болады.

БРИФИНГ

ШЕТЕЛДІК РЕЖИССЕРМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛҒАН ЖОҚ!

«Абай» туралы көркем фильмді түсіру жөнінде шетелдік режиссерлермен ешқандай келісім жасалған жоқ. Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрқиса Дәуешовтың айтуынша, жалпы Ұлттық кино орталығына барлық шетелдік кинорежиссерлер мен шығармашылық ұйымдардың өз сценарийлерін ұсынуға толық құқығы бар. Олар арнайы құрылған сараптама комиссиясының сүзгісінен өтеді. Абай туралы көркем фильм жасап шығару бір жылдың шаруасы емес. Өйткені, онда данышпан ақынның бар болмысы, философиясы көркемдік деңгейде толыққанды ашылуы керек. Ал, деректі фильм биыл түсіріліп, жұртшылық назарына ұсынылады.

Ұлы Абай мерейтойының ресми салтанатты ашылу рәсімі 2020 жылғы 21 қаңтарда Нұр-Сұлтан қаласында өтеді. Тамызда Семей қаласында «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылмақ. Конференцияға белгілі отандық және шетелдік абайтанушы ғалымдар, ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері шақырылады.

Сонымен қатар мерейтой аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын жасау және ақын есімімен байланысты тарихи-мәдени мұра объектілеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Республиканың барлық аймақтарында оқушылар үшін «Абай жеріне саяхат» атты экскурсиялық турлар жасалады. Ең үлкен жаңалық – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Ұлы ақынның мерейтойы аясында өтетін ерекше шараның бірі – оның шығармалары бойынша жалпыұлттық диктанттың ұйымдастырылатыны. Оған әрбір қазақстандық қатыса алады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

«БӨТЕН КӨЛІК» МІНГЕНДЕР БИЛІККЕ ӨКПЕЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ала қойды бөле қырқу қажет пе?

Көлік жүргізушілерінің бірі кедендік рәсімдеу құнын тым қымбатсынса, енді бірі тіпті «Еуро-4» стандартына сәйкес келмегендіктен көлігін мүлдем тіркете алмайтынына наразы. Шыны керек, елімізде 2009 жылғы түгілі, 1990 жылдан келе жатқан ескі көлік өте көп. Алайда көліктің жылы мен жағдайына, құны мен құжатына қарамастан түсініспеушіліктер аз туындамайды. Жүргізушілердің бірі Ерболат Мұсағалиев 2009 жылы шыққан көлікті Армениядан өткен жылы әкелген. Ол Армения Еуразия экономикалық одағына кіргендіктен кедендік тазарту болмайды деп ойлаған. Енді тиісті орындар «Еуро-4» стандартына сәйкес келмейді деп таныған меншігін не істейтінін білмей әлек. «Тым болмағанда былтыр айтқанда ғой. Менің көлігім 2009 жылы шыққан. Кедендік рәсімдеу құны өте қымбат болса да өткен жылы тіркеліп үлгеретін едім» – дейді Ерболат.

Тағы бір көлік жүргізушісі Самат Ебжасаров: «тіркеу үшін Еуро-4 талабына сай болуы керек деп жатыр. Яғни шыққанына 7 жыл, ISOFIX балалар орындығын бекіту жүйесі, шұғыл қызмет шақыру «ЭВАК» SOS батырмасы болмаса тіркей алмайсың. Алайда салондағы су жаңа ресейлік ВАЗ-да SOS батырмасы сияқты жүйелер жоқ, сонда да оларды елге кіргізіп отыр. Ал армениялық, қырғызстандық көліктер жаңағы ВАЗ-дан әлдеқайда қауіпсіз әрі сапалы болса да жоғарыдағы талапты, яғни «аспандағы айды сұрап» отыр. Тіркеуге рұқсат берсе, бәрі тіркейді. Көлік жүргізушілері тіркеуге қарсы емес. Тек қалтаға қатты салмақ түсірмеудің ретін келтірсе болғаны» дейді.

Осы сөздің жаны бар. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев журналистерге берген сұхбатында «Еуразиялық экономикалық одақта жаңа жылға дейін Армения мен Қырғызстанның көлікті кеденнен өткізу кезінде жеңілдік болған. Бірақ қазақстандықтар осы жеңілдікті пайдаланып, көлікті шетелде сатып алса да, тіркеуге қоймай жүрді. Енді, ол көліктерді тіркеуге қою үшін Қазақстан аумағынан шығып, 30 күннен кейін қайтадан кіру керек. Бұл талап тек Армения мен Қырғызстаннан келген көліктерге ғана қатысты. Ресейлік көліктерге қатысты емес. Негізі, Қазақстанға кіретін барлық көліктер кеденнен ЕАЭО-ның ортақ тәртібі бойынша өтуі тиіс. Ал, Армения мен Қырғызстанға 2020 жылға дейін жеңілдік жасалған. Демек, ондай жеңілдік осы екі елдің азаматтарына берілген болатын. Олар уақытша кіріп, емін-еркін жүруге мүмкіндік алған. Ал, қазақстандықтар көлік сатып алса, кедендік тазартуды бірден толығымен жасауға міндетті. Енді, біз әкімшілендіруді бастап, осы тәртіп бұзушылықтарға қатысты шара қолданатын боламыз. Көлікті толығымен кедендік тазартудан өткізу керек, я болмаса, Қазақстаннан тыс жерге шығару қажет. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте бұл ережені сақтамаған жүргізушілердің жауапкершілігі жазылған, көлікті айыппұл тұрағына қоюға дейінгі шаралар бар. Ал көлік иесіне айыппұл салынады» дейді министр орынбасары.

Осы орайда айта кетер жайт, жақында ғана Өзбекстанға барып саяхаттап келген блогерлердің бірі Назым Космосбек әлеуметтік желіде «Ташкенттің бар жұрты өзінен шығатын отандық, жаңа көліктерінде жүр. Оның қасында біздің халықтың мінгені көне дедім?!» деп жазба қалдырыпты. Расында да автосалоннан су жаңа көлік алуды қалтасы көтермейтін, ал жылы салыстырмалы түрде жаңа, бағасы арзан көрші елдің көлігін мінгісі келгендер сан түрлі кедергіге ұшырайтын біздің еліміздегі жүргізушілер мұңын кім ұғар екен?!

Қалдыбай ДҮЙСЕМБАЕВ

НАРАЗЫ ЖҮРГІЗУШІЛЕР МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШКЕН ЖӨН?

ОЙТАЛҚЫ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ, Л.Гончаров атындағы Қазақ көлік академиясының профессоры, техника ғылымдарының докторы:

Қазір көлік қалыпты қатынас құралына айналды. Соған бола халықтың көлікке деген сұранысы артты. Ол үшін ешкімді кінәлай алмайсың. Бірақ, заңдастырудың бағасын көлік құнына тең ұстау дұрыс емес. Азаматтар бұл қадамға ақшасы тасығаннан барып отырған жоқ. Жанымызда көлік шығарудан көшбасшы саналатын Қытай және Ресей тұрғанда отандық автопромды дамыту қиынға түсетіні рас. Ендеше мәселені шешудің басқа жолдарын қарастырайық. Осындай мәселелер алдымыздан үнемі шығып отырмас үшін, халқымызды көлікпен қамтамасыз етуді өз қолымызға алуымыз керек.

Шетелден көлік әкелудің машақаты зор болса да халық соған ынталы болып отыр ғой. Демек жұрт бағасы арзан, өзі жаңа көлікке ұмтылады. Мәселен, Армениядан көлік жеткізу кезінде кеден салығы көлік құнының шамамен 17%-ына тең екен. Алғашқы тіркеуге 1 миллион 200-300 мың теңге төлейсіз. Одан кейін утилизациялық алым тағы бар. Осының бәрі көліктің құнын өзіндік бағасынан екі есеге қымбаттатады. Осы орайда ескі көліктерден арыламыз деп шет мемлекеттен әкелінетін көліктерге «Еуро 4» талаптарын қою да дұрыс емес. Халықтың қалтасында қаржысы жоқ болса ескі көліктерден бәрібір арыла алмаймыз. Елімізде жүрген темір тұлпарлардың 64 пайызының қолданыста жүргеніне 10 жылдан асып кеткен. Екі миллиондайына 18 жылдың жүзі болыпты. Бұл өз кезегінде экологияға зиянын тигізіп жатыр. Сондықтан отандық көлік шығару өндірісіне жан бітіру керек деп санаймын.

Нұрлан АПАХАЕВ, заңгер:

Шетелдік нөмірлі көліктер көп тіркелген Батыс Қазақстан облысында 2018 жылы орын алған 3 724 жол-көлік оқиғасының 583-і шетелдік көлік иелерінің кінәсінан. Солардың 102-сі жол-көлік оқиғасы болған жерден қашып кеткен. Өйткені еш жерде тіркелмегендіктен көлік иелері өздерінің ұсталмайтынын білген. Осындай иесіз көліктер әртүрлі қылмысқа барушылар үшін де қолайлы екені даусыз. Өкінішке қарай, біз ол көліктердің иесін және кімнің айдап жүргенін де білмейміз. Сондай-ақ, тіркеу жүйелері жол жүру ережесін бұзу фактісін тіркесе де, көлік иесін анықтай алмайды. Себебі камераға өзге елдің нөмірі түседі. Демек әкімшілік хаттаманы да толтыра алмайды. Айта кетер тағы бір жайт 2018 жылы осы санаттағы көліктердің иесі 40 мыңнан аса ереже бұзса, 2019 жылы алты айдың ішінде аталған көрсеткіш 42 мыңнан асқан. Шынында шетелдік нөмірлі көліктер әбден еркінсіп алды. Сондықтан барлығын заңдық тұрғыда реттеу керек.

Сауалнаманы әзірлеген Қалдыбай ДҮЙСЕМБАЕВ

ЖАҢА ЗАҢ

КЕЗ КЕЛГЕН ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНІҢ (ӘРІ ҚАРАЙ – ӘҚБТК-НІҢ) ТӘРТІБІМЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ. РЕСПУБЛИКА СОТТАРЫ 2015 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ЖАҢА КОДЕКСПЕН ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕДІ. ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ ӘҚБТК-ГЕ БІРНЕШЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ. СОҒАН ОРАЙ СОТТАР БІРЫҢҒАЙ СОТ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАРЫНША ТЫРЫСУДА.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДЕГІ **МЕДИАЦИЯНЫҢ** ҚОЛДАНЫСЫ КЕҢЕЙДІ

Шолпан МАЛИКОВА, Қызылорда облыстық сотының судьясы

Жыл басынан бері қолданыстағы ӘҚБтК-ге 8 заңмен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оларды алдағы уақытта рет-ретімен құрамдарға бөліп түсіндіретін боламыз. Сондай заңдардың біріне 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №292-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы жатады. Заң қолданысқа 2020 жылдың 11 қаңтарынан бастап енді.

Аталған заңмен ӘҚБтК-нің 54-бабының 1-бөлігінің бірінші жаңа жолы өзгертіліп, істі қарау кезінде сот өз бастамасы бойынша да әкімшілік құқықбұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге ерекше талап белгілеуге құқылы екені бекітілді. Яғни, бұрын ерекше талап түскен өтінішхат негізінде ғана белгіленсе, өзгеріс бойынша соттар өз бастамасымен де белгілей алады.

Бұрын сот тәжірибесінде ӘҚБтК-нің 73-бабымен түскен әкімшілік істерді қарау және құқық бұзушылардың мінез-құлқына ерекше талап белгілеу тек ішкі істер органының өтініші бойынша қолданылып келді. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» туралы 2009 жылғы 4 желтоқсанында қабылданған заңының негізгі ұстанымы отбасын қолдау, адамдардың дене және психикалық зардаптарына жол бермеу, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, жаза қолданудан профилактикалық шаралар жасауға басымдық беру болған еді. Осы заңның 27-бабына сай соттың құқық бұзушының мінез-құлқына оның жаңа құқықбұзушылық жасауының алдын алу мақсатында ерекше талаптар белгілеу мүмкіндігі көзделген. Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамды ішкі істер органдары профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 64-бабы «1-1 бөлігімен» толықтырылып, егер осы кодекстің 73, 73-1 немесе 73-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл өзгеріс «Медиация туралы» заңның да қолданылу ауқымы кеңейгенін көрсетеді.

Бұрын азаматтық және қылмыстық құқықтар бойынша белсенді қолданылып отырған медиацияның әкімшілік заңнамаға келгенде тапжылмастан тұрып қалғаны көңіл қынжылтатын. Енді заң өзгертіліп соттарға отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу әрекеттері бойынша медиацияны қолдану мүмкіндігі ашылды.

Жаңа заңмен ӘҚБтК-нің 73-бабының 1-бөлігімен реттелген, яғни отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамға ескерту немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамақ қолданылады. Бап бойынша құқық бұзушымен отбасы тұрмыстық қатынастағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер кезінде, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса әкімшілік жауаптылық туындайды. Аталған кодекстің 73-1-бабымен денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әрекеті үшін де әкімшілік жауаптылық көзделген.

Осы бапқа жаңадан «1-1-бөлігі» енгізіліп, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер үшін жаза жеңілдетілген. Яғни, заңға сәйкес бір отбасыда тұратын адамдардың жауаптылығы жеңілдеп, баламалы санкция енгізіліп, оларға ескерту жасауға мүмкіндік берілген. Нақ осындай өзгеріс тән ауыруына ұшыратқан, бірақ, денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттеріне де қатысты енгізілген.

Бұл өзгерістер отбасы құндылықтарын нығайтуға, отбасы мүшелерінің немесе туыстардың бір-біріне деген жақсы қарым-қатынасын сақтауға, медиация арқылы татулыққа келуіне мүмкіндік беріп отыр.

ПІКІР

ӘДЕТ-ҒҰРЫП – ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Аманбек КАЛПАКОВ, Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Қазақ халқы – салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық екендігін ешкімнің жоққа шығармасы анық. Иә, өскелең ұрпағымыз қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрімізбен сусындап өссе оның несі айып?! Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ырым-тыйымы нағыз тәрбиенің көзі.

Мәселен, бірауыз «ала жіпті аттама» деген сөздің астарында қаншама мағына жатыр? Кішкентайымыздан ата-әжеміз құлағымызға құйып өсірген осынау сөздің мағынасы біреудің жолын кеспе, өзгеге кесіріңді тигізбе дегенді білдіреді. Кезінде билер екі тарапты татуластырған соң ала жіпті кескен. Бұл екі дауласқан адамның арасындағы жанжалдың біткенін, тараптардың татуласқанын көрсеткен. Сондай-ақ, қазылар әділ шешім шығару мақсатында қылмыс істегендерді де осы ала жіптен аттатқан. Өз кезегінде қылмыс жасағандардың ала жіпті аттауға дәті бармаған. Бұл қылмыскерлердің тура жолға түсуіне себепші болған. Осы орайда белгілі заңгер Нағашыбай Шәйкеновтың «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», – дегені еске оралады. Шын мәнінде, әдет-ғұрып, салт-дәстүрмен бойымызға қаншама Отаншылдық, қайырымдылық, әдептілік, адамгершілік, мейірімділік даритынын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ал, ырым-тыйымдарымыз өз алдына жазылмаған заңмен тең. Мәселен, «Аманатқа қиянат жасама», «Ұрлық түбі-қорлық» деген сөздер қатігездіктен, зұлымдықтан, ұрлықтан сақтандырған. Мұндай тыйым сөздерді дана да дара билеріміз түрлі жанжалдарды шешу барысында жиі қолданған. Ал, билердің сөздері өз алдына ел арасында кеңінен тарап, нақыл сөзге айналған.

Билер шешендік сөздері арқылы түрлі қылмыстық, азаматтық істерді шешіп, қылмыскерлерді бірауыз сөзбен тұсаулаған. Алайда, билердің мұндай шешендік сөздері жазбаша емес, ауызша таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Бүгінде Майқы би, Сырым, Үргеніш, үш жүзді билеген атақты Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би аталарымыздан шешендік сөздері біздің өшпес ұлттық құндылығымызға айналды. Ең бастысы, шешендік сөздер қағазға таңбаланбаса да, ел ішіндегі құқық нормалары жүйеленіп, дала қоғамының заңдары тиянақталды.

Мәселен, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы – Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деген атпен таныс. Аталған әдет-ғұрып заңдарының жинағы негізінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы даулар реттелді. Мемлекет ішінде тұрақсыздық жасағысы келгендер қатаң жазаланып, түрік халықтарының мүддесін сатып, сыбайластық жасап, парақорлыққа делдал болып, мемлекетке залал келтірген адамдар өлтірілген. Осы орайда, қай заманда да мемлекет мүддесі жоғары тұрғанын аңғару қиын емес. Сондай-ақ, «Жеті жарғыда» кімде-кім ел (мемлекет) ішінде жазықсыз адамды өлтірсе және алыс жорыққа немесе бәйгеге дайындалып, даладағы жайылымда тұсаулы тұрған сәйгүлікті ұрлағандар өлтірілуге тиістігі таңбаланған.

Қорыта айтқанда, мейірімділік, адамгершілік, ізеттілік жер бетіндегі тарыдай шашылған әлем халықтарының бәріне тән. Алайда, дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап барлық әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің сусынын бойына сіңіріп, нәріне шомылып өскен ұрпақтың қай жерде де ұлт намысын жоғары қояры анық. Сондықтан, қазаққа ғана тән салт-дәстүрді ұлықтап, әдет-ғұрыпты сақтау баршамыздың борышымыз деп білемін.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЛҒЫШАРТТАРЫ

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ӨЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖОЛДАУЫН АРНАҒАН ЕДІ. ОНДА БИЛІКТІҢ АЛДАҒЫ УАҚЫТТАҒЫ ЕҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТІ «ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІ ЖЕТІЛДІРУГЕ» БАҒЫТТАЛАТЫНЫН АЙТҚАН БОЛАТЫН. САЯСИ ТҰЛҒАНЫҢ САЯСИ АРЕНАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ ДА ТЕК ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІНЕ САЙ ЖАСАЛДЫ. МҰНЫ ТАРИХ КҮНПАРАҚТАРЫНА ҚОСЫЛЫП ЖАТҚАН ӘРБІР СӘТ ДӘЛЕЛДЕЙДІ.

«Күшті президент, ықпалды парламент, есеп беретін үкімет – бұған әлі қол жеткізген жоқпыз, бірақ осы мақсат жолында біз тез қарқынмен жүруіміз керек. Біздің ортақ міндетіміз – адамдардың барлық сұраныстарына тез жауап беретін “еститін” мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, тек диалог арқылы үйлесімді мемлекет құруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны өзекті мәселелерді талқылауға тарту қажет. Осы мақсатта Қоғамдық сенім ұлттық кеңесі құрылды» деген-ді. Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен құрылған Қоғамдық сенім ұлттық кеңесі аз ғана уақыттың ішінде халықтың «көзі, құлағы һәм тілі» бола алатынын көрсетті. Халықпен тиімді кері байланыс орната білу қазақстандықтардың маңызды деген мәселелеріне назар аудартты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қарапайым азаматтардың жеке құқығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет ететін сот саласына да ерекше тоқталып, айрықша міндеттер жүктеді. Мәселен, сот жүйесі мен еліміздің құқық қорғау саласын жаңаша құрылымдау керектігіне тоқталған. Осы ретте Жоғарғы Сот тарапынан бүкіл соттарға шешімдер сапасын жақсарту мақсатындағы біркелкі міндеттемелер жүктелді. Сот процесінің тыңғылықты сараланyы керектігі тапсырылған. Процестерді өткізу барысында барлық өңірде сот тәжірибесінің озық үлгілері қарастырылуы керек екені де осы құжатта қамтылған озық ойдың бірі. Сот отырысы барысында қарапайым адам мемлекеттік аппарат ресурстарымен теңесетін жағдайда емес екені кімге болсын белгілі. Осы ретте президент әкімшілік сот төрелігін енгізу керектігін, заңнамалардағы қайшылықтар қарапайым адам мүддесіне қызмет етуі тиістігін айтты.

Соңғы жылдары жазаны ізгілендіруге, дауларды сотқа жеткізбей балама әдістермен шешуге басымдық беріліп келген еді. Алайда елдегі қылмыс оқиғаларының күрделеніп, қиындай түсуі құқық қорғау орындарын қайта жасақтаудың, сапалы кадрларды тартудың қажеттігін, сонымен бірге заңдарға өзгеріс енгізудің уақыты келгенін дәлелдеді. Осы ретте Президент тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа, педофилизм, балаларға қатысты қылмыстарға байланысты жазаны қатайтуды, одан бөлек табиғат-анаға қасақана зиян келтірушілерді қатаң жазалауды тапсырды. Браконьерлер кесірінен табиғатқа, адамға келіп жатқан шабуылдарға көзжұма қарауға жол берілмейтіні де осы Жолдау барысында айтылған. Президенттің бұл Жолдауында айтылған өзекті мәселелер тиісті орындар тарапынан жүзеге асырылып, мемлекеттік қызмет істері мен халық арасындағы дәнекерлік қарым-қатынастар жақсара бастады. Билік қарапайым халықтың мұң-мұқтажын тікелей өз ауыздарынан тыңдап, елдегі шешімі табылмай тұрған мәселелерге бет бұрды. Президент жолдауында тапсырылған сыбайлас жемқорлықпен күрес ісінде де оңды нәтижелер өз жемісін бере бастады.

Сыбайлас жемқорлық орын алған мекеме басшысының жауапкершілігі де заңнамалық формада қайта реттелетін болды. Мұндай реформалар сондай-ақ, полиция саласына да келді. Полиция халық үлкен сенім артатын органға айналуы керек.

Бүгінгі таңда еліміздің күштік құрылымы, биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі заман талабына сай қайта құрылымданып жұмыс атқара бастады. Халық жаңа ғасырдың талаптарын, бүкіл игіліктің елдік мүдде үшін қызмет жасауы тиіс екендігін дәлелдеп, соны атқарушы биліктен талап ете бастады. Азаматтық қоғамның алғышарттары билік пен халықтың арасындағы алтын көпірді орнатты. Ендеше, алдағы өрлеу қазақстандықтардың құқықтық, сауатты тұрмыс салтын әлемдік стандарттар үдесіне көтеретіні анық.

Э.АСУБАЕВА,
Панфилов аудандық сотының судьясы,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДАУ МҰРАТЫ - БІТІМ

ЕКІ ТАРАПТЫҢ МӘМІЛЕГЕ КЕЛУІ МАҢЫЗДЫ

«Медиация туралы» заң медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, медиатордың мәртебесін айқындайды.

Бұл заңның басты мақсаты екі жақты ортақ мәмілеге келтіру. Медиация кезінде екі жақ та ризашылықпен тарасады. Талапкердің талап арыздан бас тартып, жауапкердің медиация арқылы екі жақтың келісімге келуіне байланысты арызы сот хаттамасына жазылып, іске тігіледі.

Судья тараптарға алдағы уақытта олардың сотқа, осы мәселе туралы дау бойынша және осы негіздермен қайтадан жүгінуге жол берілмейтінін ескертіп, түсіндіреді. Медиация жүргізуге байланысты тараптардан арыз түскенде ол аяқталғанша судья 30 күнтізбелік мерзімге істі тоқтатады. Содан кейін тәртіп бойынша судья екі жақтың келісімге келуі жөнінде анықтама шығарады. Медиация барысында медиатор екі жаққа да медиацияның рөлі және оның құқықтық әсерлері жөнінде толық мәлімет беруі қажет. Бұл ретте екі жақтың да құқығы бірдей екенін және олардың бір-біріне сыйластықпен қарауы керектігін ұғындырған маңызды.

Медиация бірнеше қадамнан тұрады. Басталар алдында медиатор оған дайындық жүргізеді. Тараптарды тыңдап, даудың «басын» шешіп, екі жақтың позициясы жөнінде мәлімет жинайды. Барлық құжаттардың көшірмесін алып, медиатор даудың «тарихын» зерттейді. Содан кейін әр тараптың уәжін тыңдап, қандай сұрақтарды талқылау қажеттігін шешеді. Бұл ретте медиатор нақты тыңдау және рефрейминг (қайталап сұрап, конструктивті мағынасын табу) шараларын қолданады. Екінші қадамда медиатор екі жақтың талабын естіп, ол талаптың қайсысы болашақта тараптарды біріктіретінін жобалайды. Бұл кезде медиатор нейтралитет сақтауы қажет. Үшінші қадам кезінде медиатор тараптарға даудың түрлі шешімдерін ұсынады. Шешімдер бірнешеу және олар альтернативті болуы қажет. Қорытынды жасағанда екі жақтың да шешімге өз еркімен келгеніне көз жеткізу керек. Төртінші қадамда медиация шешімі дайындалады. Тараптардың қатысуымен медиатор болашақ шешімнің талаптарын оқып береді және оның әр бабын талқылайды. Медиацияның бесінші қадамында екі жақ қол қояды. Медиациялық шешім олардың көңілінен шығу керек. Осы орайда медиаторға жүктелетін міндет өте ауыр десе болады. Медиатор шын мәнінде адамдармен тіл табыса алатын психолог, әрі сабырлы, байыпты жан және шешен сөйлеп, мәселенің мәнін тараптарға жеткізе білетін әмбебап маман болуы тиіс.

Қазіргі таңда сот ғимаратының күту залдарында медиацияны жарнамалаған баннерлер орнатылып, жеткілікті ақпарат көрсетілген. Бүгінгі таңда медиацияның қолдану аясы кеңейе түсуде, осының бір дәлелі «Татуласу: сотқа дейін және сотта» жобасы шеңберінде республикамыздың кейбір аумақтарында «Студенттік медиация» меморандумы жасақталып, өз жұмысын бастауда.

А.АХОНОВА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

№5 (3229)
21 қаңтар 2020
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Марат АХМЕТЖАНОВ , ҚР Бас прокурорының орынбасары:

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕРДІҢ СОТҚА ЖЕТЕТІНІ СИРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Еліміз егемендік алғаннан бері азаматтардың конституциялық құқы мен бостандықтарын қорғауда біраз жұмыс жасалып жатыр. Аталған жаңа заңның қабылдануын осы үрдістің жалғасы деп білу керек. Жалпы республика бойынша қылмыстық ахуал нашарлаған жоқ. Статистикаға жүгінсек, тіркелген қылмыстардың саны жылдан жылға азайып келеді. Мысалы, егемендік алған кезден бері алғаш рет былтырғы жылы қасақана адам өлтіру фактілері төмендеді, яғни 845 болды. Жиырма жыл бұрын ол 200-580 мыңға дейін болса, кейінгі үш жылда бір жылда жасалған қылмыстың санына тең болған.

Заңнамалық өзгерістерді енгізудің бірінші қағидасы – қылмысқа мүлдем төзбеушілік. Қазақстанның бүгінгі қылмыстық заңнамасы қос векторлық бағытта дамып келе жатыр. Біріншісі – қауіпі аз қылмыстардың жауаптылығын азайту, экономикалық қылмыстарды ізгілендіру болса, екінші бағыты – біздің қасиетті құндылықтарымыз адамның өміріне зорлық, педофилия, мал ұрлау, броконьерлік, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны күшейту. Жаңа заң негізінде осы соңғы мәселелерге қатысты жаңа талаптар айқындалып, қолданысқа енгізіліп отыр.

– Иә, жалпы олар бүгінде қоғамның айрықша алаңдаушылығын тудырып тұрған жағдайлар ғой. Мәселен, Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жылына төрт жүз әйел қаза табады екен. Сонымен қатар қаншама шаңырақ отбасылық жанжалдың салдарынан ортасына түсіп, балалар тірі жетім атануда. Шынында да бұл жағдай мемлекет ықпалды шаралар қабылдамаса арта түсетінін көрсетіп отыр. Естуімізше, енді отбасындағы зардап шегушілер құқы сотта прокурор арқылы мемлекеттік деңгейде қорғалатын болыпты. Жаңа өзгеріске сай әйеліне қол көтергендердің ескертумен құтылуы қаншалықты дұрыс?

– Жаңа өзгерістерге орай қоғамда түрлі пікір туып жатыр. Соның бірі әйеліне қол жұмсағандар ескертумен құтылып, жабулы қазан жабулы күйі қалады деген әңгіме. «Шындық шырылдап жеткенше, өтірік бәрін өртеп жібереді» дегендей, теріс ақпарат беріп, қоғамды шулату дұрыс емес. Меніңше, мұны біреулер білмей, енді біреулер хайп үшін, келесі біреулер оларға еріп айтуда. Шын мәнінде заң бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаушыларға жаза еш жұмсарған жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша Әкімшілік кодекстің 73-бабы бұрыннан да бар болатын. Ол отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқықбұзушылық деп аталады. Бұл үй ішінде ері келіп ыдыс сындырса да, балағаттаса да құқықбұзушылыққа жататынын білдіреді. Бұрын отбасының шырқын бұзушы үш күнге әкімшілік қамауға алынатын. Енді ол бес күнге ұзартылды. Бұрын аталмыш бап бойынша отбасы мүшелерімен қатар туыстық қатынасы жоқ адамдар бір-біріне қасақана қол жұмсап, денеге жеңіл жарақат келтіргені үшін арнайы бап негізінде жауапкершілікке тартылып келді. Енді ондағы отбасылық-тұрмыстық салада жасалған әрекет бөлініп, жеке тармаққа айналып отыр. Өйткені, осыған дейін отбасындағы кикілжіңде жеңіл дене жарақатын алған әйел полиция шақырып, күйеуінің үстінен арыз жазады да, үш сағаттың ішінде немесе келесі күні онысын қайтып алып жатады. Мәселен, 2019 жылы 25 мыңнан астам осындай сипаттағы әкімшілік құқықбұзушылықтардың 70 пайызы сотқа жеткен кезде екі жақтың татуласуы бойынша қысқартылды. Мұндай істер еш жерде тіркелмейтін.

Ескерту бұрын да болған. Жаңа заңнама бойынша енгізіліп отырған бұл шара құқықбұзушы өз әрекетіне өкініп, оны жәбірленуші кешірсе, зиянын өтесе ғана соттың шешімімен беріледі. Ол құқықбұзушының кәнігі қылмыскер емес екендігі, енді қайталамайтынына сенген кезде ғана қолданылады. Ескерту бұрын учаскелік инспектордың ғана өкілеттігінде еді. Ол барған кезде татуласып, жабылған қазан жабылып жатты. Енді әрбір осындай құқықбұзушылық саладағы бірыңғай электрондық тізімге тіркеледі. Егер ескерту алса, ол да жаза ретінде есептеліп, екінші рет ескерту берілмейді. Бұл бір жағынан мінездеме ретінде қаралады. Құқықбұзушылық қайталанса кезінде осылай жауапқа тартылып, бір рет ескерту берілді, одан дұрыс жолға түскен жоқ, енді мұның амалы тек қамау, үшінші рет жасаса бала-шағасына күн көрсетпей жатыр екен деп қылмыстық құдалау қажет деген шешім қабылданады. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік төмендеген жоқ, керісінше, жаза қатаңдатылды.

– Бұрын осындай жағдайда кіналі адамға айыппұл салынатын. Енді бұл шара алынып тасталған. Мұның себебі неде?

– Өйткені, айыппұлды жәбірленушінің өзі төлейтін де жағдайлар болып жатыр. Мысалы, отбасылық жанжал жасаушылардың кейбірі жұмыс істемейді немесе табысы аз. Ал, оларға қатысты шығарылған 15 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұлды төлеу туралы сот шешімі орындалуы қажет. Ол іске асырылмаса құқықбұзушының есепшоттары бұғатталуы мүмкін. Бұл отбасының қаржылық жағдайына көлеңкесін түсіреді. Сондықтан, оны көп жағдайда жәбірленуші өз қаржысынан төлеп жатыр. Осылайша күйеуінен бір зардап шексе, екіншіден отбасына шығын келіп тағы қиналатынын тәжірибе жүзінде байқап отырмыз. Жалпы отбасындағы кез келген зорлық-зомбылық әрекеттер тек қылмыстық құқық тұрғысынан қарастырылуы қажет дейді құқықтанушылар. Бұл жерде ешқандай не әкімшілік, не қылмыстық жауапкершілік алынып тасталған жоқ. Керісінше, қатайтылып отыр. Енді мемлекеттік айыптаушы болады. Бұрын жәбірленуші өз проблемасымен бетпе-бет қалып келсе, енді оған мемлекет көмектеседі. Бұл бүкіл мемлекеттік құқық қорғау ресурстары тікелей жәбірленушіге қолдау көрсетеді деген сөз.

– Жаңа заң бойынша жаза күшейтілген қылмыстық әрекеттердің бірі – педофилия, яғни балаларға жыныстық сипаттағы зорлық жасау болып отыр. Соңғы кезде жантүршігерлік осындай оқиғалар көбейіп кетті. Естуімізше, заң бойынша біраз шаралар қамтылған екен. Соның бірі балаға жасалған зорлықты біліп тұрып хабарламағандарға қатысты қылмыстық жауапкершілік. Бұл нені білдіреді?

– Зорлау әрекеті Қылмыстық кодекстің 120-бабымен, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерге қолданылатын жаза 121-баппен белгіленген. Соңғысы осы жыныстық қылмыстардың ішіндегі аса ауыр қылмыстар. Бұл қылмыстар бойынша бас бостандығынан айыру жазаларының төменгі және жоғарғы шектері көтеріліп, кәмелетке толмаған балаға қатысты жасаған жағдайда тоғыз жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделеді. Егер де абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеліп соғатын болса, онда он жеті жылдан жиырма жылға дейін бас бостандығынан айыру талабы бекітілді. Ал, жәбірленуші он төртке толмаған бала болса жиырма жыл немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді.

...Отбасындағы кикілжіңде жеңіл дене жарақатын алған әйел полиция шақырып, күйеуінің үстінен арыз жазады да, үш сағаттың ішінде немесе келесі күні онысын қайтып алып жатады. Мәселен, 2019 жылы 25 мыңнан астам осындай сипаттағы әкімшілік құқықбұзушылықтардың 70 пайызы сотқа жеткен кезде екі жақтың татуласуы бойынша қысқартылды. Мұндай істер еш жерде тіркелмейтін.

Сіз айтып отырған мәселені жаңа бап деп айтуға болады. Бұл – кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқын қорғау үшін енгізіліп отырған талап. Өйткені, жеткіншектерге жасалған жыныстық зорлық ауыр қылмыс санатына жатады. Сондықтан, оны біліп тұрып, айтпау, хабар бермеу қылмыстық әрекет болып есептеледі. Өкінішке орай, осындай құқықбұзушылықтың интернат, балалар үйлері секілді жабық мекемелерде жүйелі орын алғанын айғақтайтын фактілер бар. Олардың қызметкерлері айқай-шу көтеріп, мекеменің беделіне нұқсан келтіреді деп деректерді жасырып келген. Енді осындай жағдайды біле тұра жасырғандар қылмыстық жауапқа тартылады.

– Өгей әкенің балаға көрсеткен қорлығын жасыратын аналар да баршылық. Олар да мұндай жауапкершіліктен құтылмайтын болар?

– Жаңа заңнама бойынша күйеуінің баласына жасаған жыныстық зорлығын жасырған аналарға да қылмыстық жаза тағайындалады.

– Бүгінде мас болып көлік жүргізетіндердің қоғамға келтіріп отырған залалы аз емес. Олардың жасаған жол апатының салдарынан қайтыс болғандар саны соғыста қаза тапқандар санына пара-пар болып отырғанын айтып еді Мемлекет басшысы өзінің халыққа арнаған алғашқы Жолдауында. Статистика тек былтырдың өзінде арақ ішіп көлік жүргізген 26 мың жүргізушінің анықталғанын алға тартуда. Мұның сыртында жазадан құтылып кетіп жатқаны қаншама. Сондықтан Президент бұларға жазаны күшейтуге нақты тапсырма берді. Бұл қаншалықты орындалды?

– Көлік құралын мас күйінде басқарушыларға шара қатты күшейтілді. Қазіргі уақытта бейберекет автокөлікті тоқтатуға тыйым салынған. Яғни, бейнекамералардың орнатылуы адами факторды жояды. Екінші жағынан үрейіңіз орынды. Автокөлікке арақ ішіп отырған адамның қандай жағдайда да өзіне сенімділігі күшейіп, өзін батыр сезінеді. Мұндай жағдайда ол неден болса да тайынбайды. Жол үстіндегі түрлі оқиғаға себеп болатын жылдамдықты шектен тыс асыру, қарсы жолаққа шығып кету ішімдік ішіп алғандар үшін әдеттегі әрекет секілді көрінеді. Сондықтан, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 608-бабының бірінші бөлігі бойынша мас күйінде көлік басқарушыларға әкімшілік жауапкершілік белгіленіп отыр. Яғни, мұндай жүргізушілер жеті жылға жүргізуші куәлігінен айырылады. Он бес тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Егер әкімшілік жазаны өтеп болғаннан кейін бір жылдың ішінде тағы да ішімдік ішіп алып көлік жүргізсе жүргізуші куәлігінен сегіз жылға айырылады. Ал, автокөлікті ішімдік ішіп алып жүргізіп, адамдарға жеңіл жарақат немесе материалдық шығын келтіретін болса аталмыш құжаттың 608-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл жерде сегіз жылға жүргізуші куәлігінен айырылып, жиырма тәулікке қамалады. Адам қаза болса, бұл іс Қылмыстық кодекстің шегінде қаралады. Оның 345-бабына жаңа бір тармақ енгізілді. Онда дәйектелген талап бойынша жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты бір жылдан он жылға дейін бас бостандығынан және он жылдан өмір бақиға дейін жүргізуші куәлігінен айырылады. Бұл ретте татуласу деген болмайды.

– Республика тұрғындарының 42 пайызы ауылда тұратынын ескерсек, төрт түлік арқылы күнін көріп отырған жанның аз емес екені анық көрінеді. Ал, бізде тек былтырдың өзінде 3400 мал ұрлығы тіркеліпті. 1400 адам осындай қылмыспен ұсталған. Бірақ, ашылмай жатқаны да көп. Мал ұрлаушыларға құқық қорғау қызметкерлерінің өздері көмектеседі деген жорамал да аз айтылмайды...

– Бүгінгі күнге дейін мал ұрлығы орта санаттағы қылмыс болып есептеліп келді. Енді мал ұрлығын ауыр қылмыс санатына жатқызып жатырмыз. Себебі мал ұрлығы кәсіпке айналып, жүйелі қылмыс санатына қосылды. Ол бір ғана адамның тарапынан жүзеге аспайды. Бұл қылмыс малды ұрлайтыны, оны тасымалдайтыны, ұрланған малға жалған құжат жасайтыны бар кешенді әрекет. Қолданыстағы заңнаманың кемшілігі қолға түскен қылмыскерлердің ұрланған мал санын өтеп, жазадан босауына мүмкіндік беретінінде болып келді. Жаңа заңнамамен дәйектелген талап бойынша мал ұрлаушылар енді бұлай құтыла алмайды. Бүгінде мал ұрлығы ауыр қылмыс санатына жатқызылып отыр. Ал, егер ол ұйымдасқан қылмыстық топ болып, не болмаса, мал қорадан, баздан ұрланса одан да ауыр қылмыс болып есептеледі. Мұндай әрекет үшін 7-ден 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Сондықтан бұл өте маңызды мәселе.

Мал – байлықтың белгісі емес, тірліктің белгісі. «Дала – малды, мал елді асырайды» дейді. Сондықтан мал ұрлығын тірлікке балта шабумен теңестіруге болады. Осы қылмысқа көмек көрсететін мемлекеттік қызметкерлердің бар екені де шындық. Сондықтан, Президенттің тапсырмасымен арнайы бап кірігізіп отырмыз. Оның төңірегінде үлкен пікірталас болды. Заң Парламентте талқыланған кезде неге малды басқа мүліктен бөліп шығарып жатырсыңдар деген өткір сауалдар қойылды. Біз бұл ретте ауылдағы қауымның осы төрт түліктің арқасында жан бағып отырғанын, сондықтан оның халық үшін әлеуметтік маңызының зор екенін айтып, өз ұстанымымызды қорғап қалдық.

Бұл қылмысты ашу өте қиын. Мәселен, 2018 жылы елімізде 5636 мал ұрлығы тіркелсе, оның тек 2477-сі ғана ашылыпты. Себебі ұрланған малды сойып сатып жібереді, көзін құртады. Сондықтан, нақты жауапкершілікке тартылған кезде мал ұрлығын дәлелдеу өте қиын. Осы ретте мал ұрлығының ауыр санатқа ауысуы бұл қылмыстың ашылуына оң ықпалын тигізеді деп ойлаймыз. Өйткені, бүгінде ішкі істер органдарының бірінші міндеті ауыр қылмыстарды ашып, тергеу. Мал ұрлығы ауыр қылмыс болған соң енді сұрау қатаң болып, оған ең тәжірибелі тергеуші мен жедел қызметкерлер тартылады. Тұрақты түрде бақылауға алынып, қылмысты ашуға, тергеуге барлық күш салынады. Дегенмен, мал иелерінің өздері де малдарын қараусыз қалдырмау керек. Жоғалған кезде өздері іздеп жүріп алмай, бірден хабар бергені мал ұрлығының дер кезінде ашылуына септігін тигізеді. Өкінішке орай, көбіне малы ұрланғандар бір айдан кейін полицияға арызданады. Мұндай жағдайда жоқты табу өте қиын. Сонымен қатар жергілікті құзырлы орындар мал бағуды ұйымдастыру, оларды сырғалау шараларын дер кезінде қолға алып отыру керек. Өйткені, мал көбіне жайылымда қараусыз жүрген жерінен ұрлануда.

– Бұл ретте қылмыскер ұсталып, сотталса да жапа шеккен тарапқа келтірілген шығынды қайтару керек пе?

– Міндетті түрде. Жалпы келтірген зардапты өтеу қылмыскердің әрекетін жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескеріледі. Өйткені, бас бостандығынан айыру жазасы 7-ден 12 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Сондықтан егер қылмыскер өз айыбын мойындап, залалын өтесе, жаза мерзімін төмендетуге мүмкіндік туады.

– Ал, аңмен қатар адамға шімірікпей мылтық кезейтін броконьерлерге қандай шара қолданылмақ?

– Броконьерлер әрекеті теріс қылық санатынан қылмыс санатына ауыстырылды. Бұл ретте қорықтағы, қызыл кітапқа енген аңдарға қатысты әрекет ауыр қылмысқа жатады. Оны ұйымдасып жасағандар он жылға дейін бас бостандығынан айырылады, мүлігі, автокөлігі тәркіленеді. Тағы бір жаңалық – киікті мүйізі үшін аулайтындарға арнайы баппен жаза енгізілді. Өйткені, табиғаттың жан серігі – осынау киелі аң көбіне мүйізін саудалау мақсатында ауланады. Сондықтан мүйіздің заңсыз тасымалы үшін жауапкершілік енгізіп отырмыз. Бұл киіктің орынсыз ауылануына тосқауыл қойып, оның санының өсуіне оң ықпалын тигізеді деген үміттеміз.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Тергеу соты Конституцияға және сот жүйесі мен Қазақстан Республикасы сот мәртебесі туралы конституциялық заңға сәйкес сот мәртебесіне ие. Мемлекет басшысы Қазақстанның облыс орталықтарында мамандандырылған тергеу соттарын құру туралы Жарлыққа 2018 жылдың 31 шілдесінде қол қойды.

Жаңа институт

Тергеу сотының өкілеттіктерін бірнеше санатқа бөлуге болады:

– қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылуы мүмкін тергеу іс-әрекеттерін санкциялау,

– тергеушінің, прокурордың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарастыру;

– қорғаушы жақ ұсынған дәлелдерді сотқа дейін алдын-ала зерттеуді қамтамасыз ету;

– кодексте қажетті деп қарастырылған, өзге де іс жүргізу әрекеттерін орындау

Бүгінгі таңда бұл институт бір орында тұрмай, өз жаңғыруын жалғастыруда. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің іс жүргізу негіздерін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, тергеу сотының өкілеттігі құпия тергеу әрекеттеріне қатысты айтарлықтай кеңейтілді. Сонымен, 2018 жылдың 1 наурызында ҚПК 231-бабы 1-6 тармақтарында қарастырылған жасырын тергеулер:

1) орынның немесе адамның жасырын аудио және (немесе) бейне бақылауы;

2) электр желілер байланысы арқылы берілетін ақпараттарды жасырын ұстап алуды бақылау;

3) бір-бірімен байланысқан абоненттер мен (немесе) абоненттік құрылғылар туралы жасырын ақпарат алу;

4) компьютер, серверлер және басқа да ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және сақтауға арналған құрылғылардан ақпараттарды жасырын алу;

5) пошта және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау;

6) орынға жасырын кіру және оны қарап-зерттеу тергеу сотының санкциясы бойынша жүргізіледі, оны алудың тәртібі ҚПК 234-бапта белгіленген.

Сонымен, елдің Қылмыстық-процессуалдық кодексіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, тергеу іс-әрекеті тергеу сотының, сот алдын ала тергеу жүргізуші тұлғаның дәлелді шешімі не осы кодексте тиісті шешім шығаруға уәкілетті басқа да лауазымды тұлғалардың келісімімен жүргізіледі. Санкция тек осы кодексте белгіленген тәртіппен тіркелген есептер мен қылмыстар туралы шағымдар бойынша беріледі.

Санкциялаудан бас тартуға не себеп?

Жасырын тергеу әрекеттерін өткізу қаулысы жиырма төрт сағат ішінде тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша негіздеме материалдарымен бірге тергеу сотына ұсынылады. Жасырын тергеу әрекеттерін тексеру сотқа тиісті шешім келіп түскеннен соң он екі сағат ішінде қарастырылады. Қосымша материалдарды сұрату қажет болған жағдайда шешімді қарастыру белгіленген мерзімнен кештеу, бірақ жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытта қарастырылады. Егер енгізілген қаулы негізсіз болса, онда тергеу соты оны санкциялаудан бас тартады. Жасырын тергеу әрекеттеріне рұқсат беру кезінде берілген ақпараттың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда тергеу соты шешімді қабылдағаннан кейін, жиырма төрт сағат ішінде процессуалдық прокурор заңдылықты тексеруді бастауға құқылы. Процессуалды прокурор бес тәулік ішінде сәйкес тексеріс жұмыстарын жүргізіп, оның нәтижелерін тергеу сотына хабарлауға міндетті. Егер тексеріс кезінде жасырын тергеу амалдарын жүргізу туралы шешімнің заңсыз екендігі анықталса, прокурор тергеу сотына тиісті өтініш беруі керек. Жасырын тергеу әрекеттері прокурордың өтініші негізінде тергеу сотымен тоқтатылуы мүмкін.

Сотқа қатысты жасырын тергеу іс-әрекетіне рұқсат беру Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келіскен алдын-ала тергеу органының шешімі бойынша Нұр-Сұлтан

Талғат АҚШАБАЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы

қаласының тергеу сотымен жасалады. Қазақстан Республикасының Бас прокурорына қатысты тергеу жүргізу жөніндегі қызметтік іс әрекеттерді Нұр-Сұлтан қаласының тергеу соты Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген алдын ала тергеу органының шешімі бойынша жүзеге асырады. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ол шыққаннан екі күннен кешіктірмей уәкілетті прокурор хабарлайды.

Шағымданудың тәртібі қандай?

Сот жүйесін жетілдіру бойынша заңнамадағы өзгерістерге, оның ішінде тергеу соты мен сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, санкция туралы материалдарды қарау кезінде тәжірибеде кездесетін проблемалық мәселелер бар.

Сонымен қатар, ҚПК 106-бабының 1-тармағына сәйкес, құқығы мен бостандығына прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей әсер еткен тұлға қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзуде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тарту туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Басқа әрекеттер (әрекетсіздік) және шешімдерді қабылдау дегеніміз, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық сот ісін жүргізу ісінде азаматтың бостандығы мен сот қорғау құқықтары туралы» нормативтік қаулысының 2-тармағына сәйкес, «Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау туралы» нормативтік қаулысына сәйкес белгіленген.

ҚПК 55-бабы 3-тармағына сай, тергеу сотының шешіміне шағым жасалып, осы кодекстің 107-бабына сәйкес тәртіппен прокурор өтініші бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен бірге, ҚПК 107-бабы 1-тармағына сәйкес, сотқа дейінгі тергеу ісі кезінде, күдікті және оның қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі келесілерге шағымдануға, ал прокурор тергеу сотына өтініш білдіруге құқылы:

1) күдіктіні қамауда ұстау, экстрадициялық тұтқындау, үй қамауында ұстау, қамауда ұстау мерзімін ұзарту немесе кепілдік беру түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы;

2) күдіктіні күзетпен ұстауға, экстрадициялық қамауға алу, үйде қамауда ұстау, кепіл немесе бас тарту мерзімін ұзарту, күзетпен ұстауға санкция беруден бас тарту туралы;

3) бұлтартпау шарасының күшін жоюға берілген санкциядан бас тарту немесе күшін жою;

4) мүлікке тыйым салуды енгізуден бас тарту туралы;

5) эксгумация немесе одан бас тарту туралы

6) халықаралық іздестіру жариялау не одан бас тарту туралы

7) сот-медициналық және (немесе) сот-психиатриялық сараптамаларды жүргізу үшін адамды медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру не оны жасаудан бас тарту туралы;

8) кепілге салынған заттың мемлекеттік кіріске өтініші немесе одан бас тарту туралы;

9) прокурордың, қылмыстық ізге түсу органдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау туралы;

10) инспекциялауға, тінтуге, алып қоюға, жеке тексеруге, мәжбүрлеп қарауға, үлгілерді мәжбүрлеп алуға рұқсат беруді санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту туралы.

Осылайша, ҚПК 55-бабында көрсетілген құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын және қаулы шығарылған тұлғаға қатысты барлық мәселелер шағымдануға келмейді.

Өзгерістің жасалуы орынды

Бұдан басқа ҚПК 108-бабы 5-тармағының талаптарына сай, қызметінен уақытша босатылу немесе одан бас тарту туралы санкциялау шағымдануға жатады және прокурордың өтініші негізінде аталған кодекстің 107-бабында қарастырылған тәртіппен қарастырылуы мүмкін. Сонымен бірге, ҚПК 107-бабында қызметінен уақытша босатылу немесе одан бас тарту туралы санциялау шағымдануға жатады деп көрсетілмеген. Осылайша, жоғарыда аталған баптарда қайшылықтар бар. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 292-бабының 4-тармағына сәйкес, егер халықаралық іздеуді бастау үшін негіз бар болса, қылмыстық тергеу жүргізетін орган халықаралық іздеудегі айыпталушы күдікті туралы жеке шешім шығарады. Аталған шешімнің санкциясы, ҚПК 56- бабының екінші тармағында көрсетілген тәртіп бойынша, тергеу сотымен жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының сұрау салулар мен тапсырмаларды Интерпол желісі бойынша, сондай-ақ, оларды өңдеу ұлттық Орталық Бюросы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы 2017 жылғы бірлескен бұйрықтың 21, 23-тармақтары ережелерін өзара іс-қимыл кезінде халықаралық іздестіруді жариялау, орындау және басқа да бағыттарына сәйкес жүргізеді. «Қызыл бюллетень» бойынша халықаралық іздеу жариялауға материалдар, жемқорлық, терроризм сияқты ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағандардың үстінен іс қозғалған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде іздеу жарияланғаннан кейін немесе ізделушіні Қазақстан Республикасы шекарасынан шықты деген нақты ақпарат алынған соң не ізделушінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс туыстық не достық қатынасы бар деген ақпарат дәлелденгеннен кейін санкциялау үшін сотқа жіберуге болады, (осы талаптарды нормативтік қаулыда көрсету қажет деп есептейміз). Осыдан келіп егер сот күдіктіні қамауда ұстау тәртібін өзгерткенімен, іздестіру іс-шаралары барысында күдіктінің Қазақстан Республикасы аумағынан кетіп қалғаны анықталса, айыпталушылармен қалай күресу керек? Бұл да шешімін күткен негізгі мәселе. Іс жүзінде Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55-бабы, 1-ші және 12-бөлімінің талаптары бойынша тек күдіктілер мен айыпталушылар халықаралық іздеуге жатады, сотталушылар туралы көрсетілмеген.

Қорғаушыға қолдау бар

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55-бабының 2-тармағына сәйкес тергеу соты қорғаушы ретінде іске қатысып жатқан адвокаттың дәлелді өтініші бойынша сараптама тағайындау туралы мәселені, оның ішінде қылмыстық қудалау органы осындай өтінішті қанағаттандырудан негізсіз бас тартқан, не ол бойынша шешім қабылданбаған жағдайда, үш күн ішінде қарастырады.

Біз нормативтік қаулыда тергеу сотының сараптаманы тағайындамай, қылмыстық қудалау органын міндеттейтінін көрсетуді қажет деп есептейміз. Бұдан бөлек, сот сараптамасын тағайындау қажет екендігін мойындай отырып, тергеу судьясы бұл туралы: сараптама тағайындаған органның атауы, сараптама тағайындау уақыты мен орны; сараптаманың түрі; сараптама тағайындау үшін негіздеме; зерттеуге жіберілген объектілерді және олардың шыққан жері туралы ақпаратты, сондай-ақ, осы объектілердің толық немесе ішінара жойылуына рұқсат беру, зерттеу барысында олардың келбетін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге; сараптамалық соттың атауы және (немесе) сот сараптамасын жүргізуге жауапты адамның тегі, аты-жөні (бар болса) көрсетілуге тиіс делінген ҚПК 272-бабының 1 және 6-тармақтарына өзгеріс енгізу керек. Сараптама тағайындау туралы тергеу судьясының шешімі билік органдарының немесе ол өздері қарайтын және олардың құзыретіне кіретін тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Аталған талаптардан тергеу сотының сараптаманы өзі тағайындайтынын көруге болады. Бұдан басқа, ҚПК 272-бабы 6-тармағына сай, аталған кодекстің 55-бабының екінші бөлігінің 7-тармағында көзделген тәртіппен сараптама тағайындау туралы шешім қабылдаған кезде тергеу соты қорғаушыға сарапшыға қойылған сұрақтарды жазбаша түрде ұсынуға және процеске қатысушылардың пікірлерін тыңдауға шақырады. Тараптар қандай объектілердің сараптамалық зерттеуге жататынын, сондай-ақ, сараптама жасауды тапсыруға және сарапшыға қарсылық білдіруін мәлімдеуге құқылы. Тергеу соты сарапшыны тағайындағаннан кейін, сотқа дейінгі тергеу әрекеттерін іске асырушы сарапшыға қажетті өзінің қоластында бар материалдарды ұсынады. Осылайша, тергеу сотының процеске қатысушылардың пікірін тыңдауын есепке ала отырып, міндетті түрде сот отырысын өткізу қажеттігі туындайтынын көруге болады.

Сонымен бірге, ҚПК 56-бабы осы санаттағы материалдар үшін сот отырысын міндетті түрде өткізуді қажет етпейді. Заңға қайшы шектеу немесе адамның құқығы мен бостандығын бұзудың басқа да фактілері анықталған жағдайда тергеу сотының заң бұзған тұлғалар жауапкершілігін анықтау туралы жеке шешім қабылдауға құқылы екені көрсетілгенмен, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 56-бабы 6-бөлімінде өзгеріс енгізу керек деп есептейміз. Шын мәнінде, егер бұл заңнама талаптарын орындасақ, тергеуші сот тергеушілердің немесе олардың жіберген өтініштерін әзірлеу мен жіберу кезінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасы талаптарының өрескел бұзылуына жол ашып, прокуратураның бақылауы мен қадағалауының жоқтығына жауап бермейді.

Тергеу соттарының жұмысын реттейтін заңнамадағы барлық өзгерістер назарда ұсталатын болса, бұл қылмыстық процестің алдын ала сатысында азаматтар құқығын қорғауды арттыруға мүмкіндік берер еді.

Алтын көпір

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Жидда қаласында Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) штаб-пәтерінде Сауд Арабиясы Корольдігіндегі ҚР Елшісі Берік Арын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов және ҚазҰАУ ректоры Тілектес Есполов, ИЫҰ Бас хатшысының орынбасары Ахмед Сеньомомен, сонымен бірге ғылым және технологиялар департаментінің бас директоры Ирфан Шаукатпен бас қосты. Кездесуде әріптестікті дамыту, сондай-ақ, білім беру, ғылым және технология салаларында Қазақстанның бастамаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қазақстан астанасында 2017 жылы ИЫҰ-ның Ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммиті өтті, онда Тұңғыш Президент Н.Назарбаев ИЫҰ-15 диалог платформасын құру идеясын ұсынды. Ол ғылыми-техникалық прогресті жаңғырту және одан әрі дамыту, ислам әлеміндегі маңызды экономикалық мәселелерді шешу мақсатында 15 жетекші мұсылман елін біріктіреді.

ИЫҰ өкілдері жаңа буын ЖОО үлгісі – әл-Фарабидің қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру идеялары негізінде ҚазҰУ-да әзірленіп, БҰҰ штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделіне үлкен қызығушылық танытты. Кездесу барысында ғылым және инновация салаларында ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері, соның ішінде ҚазҰУ-да «Жібек жолы университеттерінің альянсы» халықаралық IT кластері мен әлем университеттерінің жаңа технологиялар саласындағы платформасы болатын заманауи әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабын құру мәселелері талқыланды.

Қазақстандық жетекші университеттің ректоры Ғалым Мұтанов халықаралық көлемде жоспарланып отырған өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ауқымды жұмыстардан хабардар етіп, ИЫҰ басшылығын өткізілетін мерейтойлық шараларға қатысуға шақырды. Ал академик Т.Есполов ҚазҰАУ қызметі мен жетістіктері туралы егжей-тегжейлі баяндап, азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ИЫҰ қызметі аясында ынтымақтастыққа дайын екенін жеткізді.

Ғылым және технологиялар департаментінің бас директоры Ирфан Шаукат конструктивті ұсыныстар үшін алғысын білдіріп, білім ордаларының ғылыми-зерттеу және инновациялық әлеуетінің жоғары деңгейін атап өтті. ҚазҰУ-дың озық тәжірибесін ескере отырып, ислам әлемінің жоғары оқу орындарын халықаралық рейтингтерде ілгерілетуді бірлесіп үйлестіруге ерекше қызығушылық білдірді. Ол ҚазҰУ-ға ИЫҰ қамқорлығындағы Ислам әлемі университеттерінің ғылыми-білім беру ынтымақтастығы желісіне басшылық етуді ұсынды.

Конструктивті диалог Король Абдалла атындағы ғылыми-технологиялық университетінде (ҒТУ) жалғасын тапты. Университет ректоры доктор Тони Чан қызмет бағыттары мен жүргізіліп жатқан зерттеулерге толығырақ тоқталып, қазақстандық қонақтарды заманауи жабдықталған әлемдегі үздік ЖОО-ның бірі болып табылатын университеттің оқу базасы мен зертханаларымен таныстырды.

ҒТУ-ға сапары барысында қазақстандық делегация осы университетте білім алып жатқан еліміздің студенттерімен кездесті. Қазіргі таңда бұл жоғары оқу орнында магистратура, докторантура және постдокторантура сатысында Қазақстаннан келген 40-қа жуық білім алушы бар.

Мадина ОҚАС

РЕФОРМА

Ұйымдасқан ұтады

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗ ЖОЛДАУЫН «РЕФОРМАНЫ ТЕК РЕФОРМА ҮШІН ЖҮРГІЗУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ» – ДЕП ТҮЙІНДЕЙДІ. ОЛАЙ БОЛСА СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН СОТ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАРҒА, СОНЫҢ ІШІНДЕ СОТ ӘКІМШІЛІГІ САЛАСЫНА ҮҢІЛІП КӨРЕЙІК. СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МІНДЕТІ ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ МЕН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ 2000 ЖЫЛҒЫ 25 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №132 КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢҒА СӘЙКЕС РЕТТЕЛЕДІ ЖӘНЕ СУДЬЯЛАР КОРПУСЫНЫҢ МІНДЕТІНЕ ЖАТАДЫ.

Бақытгүл ТОҚТАСЫНОВА,
Тарбағатай аудандық
№2 сотының кеңсе меңгерушісі

Сондай-ақ, осы заңмен Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға құқықтық статистикалық құжатталған ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Комитетке (аппаратына), облыстарда Соттар әкімшісіне, жергілікті соттарда Сот кеңсесіне жүктелген.

Өз басым осы салада 1996 жылдан бастап қызмет етіп келемін. Ол кезеңде аудандардағы жағдай көңіл көншітпейтін еді. Сот ғимараты ескі, әрі тар, үй үлгісінде салынған нысандарда орналасқан, қысқы маусымда қатты отынмен жанатын пеш арқылы жылытылды. Кеңсе тауарлары жетіспейтін, сот актілерінің түпнұсқасын судьялар қолмен жазады да, көшірмелерін, сот отырысының хаттамаларын сот мәжілісінің хатшылары механикалық жазу машинкалары арқылы теретін. Алғашқы сот-құқықтық реформа жоғарыда аталған Конституциялық заң шыққаннан бастап тың серпінмен ғарыштап ілгерілей бастады. Арада көп ұзамай кеңсе жиһаздары мен факс-телефондар және компьютерлер пайдалануға берілді. Сот органдары 2005 жылдан бастап заманауи үлгідегі жұмыс істеуге қолайлы жаңа үлгіде салынған көрікті ғимараттарға қоныстанды. Республика бойынша 2007 жылдан сот істерінің қозғалысы мен құжат айналымында жаңа технологиялар енгізіліп, БААТЖ бағдарламасы, 2016 жылдан «Төрелік» бағдарламасы жұмыс істеп келеді. Жаңа технологиялар соттар үшін қандай мүмкіндіктер тудырды немесе сотқа жүгінуші тараптар үшін не берді?

Бұл сот ісін тіркеу және қозғалысын бақылаудан бөлек, оның жүргізілуі мен процессуалдық нормаларының сақталуының барлық принциптеріне жауап беретін және сот төрелігіне деген жұрттың сенімін қалыптастыра білген жаңашылдықтардың негізін қалады. Елімізде өткен Судьялардың халықаралық қауымдастығының (СХҚ) 62-ші отырысына әлемнің 90 елінен 300-ден астам адам қатысқан форум осының айғағы десек те болады. СХҚ-ның 62 отырысымен бір мезгілде Сот әкімшілігінің халықаралық қауымдастығының (СӘХҚ) 14-ші отырысы сот тиімділігін оңтайландыру стратегиясын және жаңа технологияларды дамытудың бағдарламасын талқылады. Осыған қарап, «Ұйымдасқан ұтады, ойланған озады» – деген қағиданың дұрыстығына көз жеткізу қиын емес деп ойлаймын.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ИГІІС

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық №2 сотының судьялары медиацияны дамыту және дауларды соттан тыс шешу жұмыстарын белсенді жүргізіп келеді. Тұрмыс тіршілігінің әртүрлі салаларына татуластыру рәсімдерін енгізу шиеленісті жағдайлардың келісімммен шешілуіне ықпал етіп, сот дауларының санын азайтады.

Медиативтік келісімдердің саны артты

2019 жылда сот судьялары 1541 азаматтық істі тараптардың татуласуына байланысты және дауласушылар ортақ келісімге келуіне орай тоқтатқан. Олардың ішіндегі 975 іс немесе тоқтатылған істердің 52-сі бітімгерлік келісіммен, 909-ы медиативтік келісіммен және 14-і партисипативтік келісіммен тоқтатылды.

Татуластыру рәсімдерін дамыту және тараптарды дауды сотқа дейін шешуге ынталандыру мақсатында 2018 жылдың мамыр айынан бастап соттың ішінде татуластыру кабинеті жұмыс істеп келеді. Медиация рәсімін жүргізу бойынша бекітілген татуластырушы-судья істерді қарау барысында тараптарға татуласу мүмкіндіктерін кәсіби тұрғыда түсіндіріп өтеді. Өткен жұмыс кезеңі ішінде татуластырушы-судьяға 817 іс келіп түсті, соның ішіндегі 373 іс тараптардың өзара тиімді шарттарды қабылдау туралы келісімге қол қоюына байланысты бейбіт шешілген. Дауларды мәмілеге келтіру жолымен реттеуге ықпал етудің нәтижесінде 45% іс татуласумен аяқталды, 29 іс бойынша тараптар бітімгершілік келісім жасасты. 359 іс бойынша медиативтік келісімдер бекітілген. Олар көбінесе некені бұзу, мәміле шартын жасасу, өзгерту, бұзу және шарттық міндеттемелерді орындау, қарызды өндіру, залалды өтеу, мүлікті бөлу және басқаларға қатысты болған. Бір дау партисипативтік рәсім тәртібімен реттелді. Келісімдердің басым көпшілігі істер соттың іс жүргізуіне қабылданбай тұрып оң шешімін тапқан.

Кабинеттің жұмыс істегені жалпы соттың жұмысына игі әсерін тигізіп отыр. Өйткені, сотқа келген кезде тараптар эмоционалдық күйзеліс жағдайында болады. Ал, судьяның олардың проблемаларына назар аударып, оларға өз мүдделері мен тілектерін білдіру үшін теңдей мүмкіндік беруі халықтың сотқа деген сенімін арттыруға, азаматтардың өзін құқықтары қорғалған адам ретінде сезінуге, байыпты шешім қабылдауға септігін тигізеді.

Олеся ТАШИМОВА,
Орал қаласы №2 сотының
БАҚ-пен жұмысқа жауапты маманы

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2020

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң»**, **«Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға
«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

- ✓ **«Заң газеті»**
  жеке тұлғалар үшін – 65921
  заңды тұлғалар үшін – 15921
- ✓ **«Юридическая газета»**
  жеке тұлғалар үшін – 65928
  заңды тұлғалар үшін – 15928
- ✓ **«Заң» журналы** – 75849
- ✓ **«Фемида»** – 75858

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «АҚСУАТ-К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 150740024517, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Ақжайық ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Қазақстан көшесі, 14-үй.

5. «Анархай Агро» ЖШС, БСН 030540007288 (050000, Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 458/460, 3-қабат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050040, Алматы қаласы, Бальзак көшесі, 8, 376 «Б». Тел.: 8 727 391 00 10.

6. «Пентагон Комм» ЖШС, БСН 011240001574 (050061, Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 348-үй, 3-қабат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050040, Алматы қаласы, Бальзак көшесі, 8, 376 «Б». Тел.: 8 727 391 00 10.

ӘРТҮРЛІ

3. «Самал Жай» ЖШС, БСН 041040000455, жарғылық капиталының азайғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ақ-Бұлақ-2 ТҚ, Амман көшесі, 8 ғимарат, 208-кеңсе.

4. «СФК «Lari Company» ЖШС бөлінген активтермен қамтамасыз етілген дисконтты облигациялардың сатылатыны туралы хабарлайды. Шығарылымның тіркелген күні: 11.12.2019 ж. Шығарылатын облигациялардың саны 9 800 000 дана. Облигациялар шығарудың жалпы көлемінің сомасы 980 000 000 теңге. Өтінімдерді мына электронды мекенжайға жіберулеріңіз сұралады: lari.company@bk.ru немесе Алматы қаласы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

7. 2006 жылдың 4 тамыз айында қайтыс болған Исабаева Ақмарал Пазилхановнаның атынан мұра ашылды. Мұрагерлерді немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.Ж.Дарменоваға келулеріңіз керек: Түркістан қаласы, ТД Сырдария, 2-қабат. Тел.: 8 708 202 21 36.

8. «Нұр-Астық 2005» ЖШС (БСН: 041240003000) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды. Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Егінді а/о, Егінді ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23-үй.
Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 21 ақпан 2020 жыл, сағат 14:00-де.
КҮН ТӘРТІБІНДЕ:
1) «Нұр-Астық 2005» ЖШС құрамынан келесі қатысушылардың шығуы: Имангалиев Сапар, Жетписбаев Ералы, Кильб Иван, Алькенова Гайша, Бейсембеков Аманжол, Курманов Серик, Темиров Марат, Исаева Гульден, Ильясов Зейнулла, Ильясов Сагидулла, Куанышев Темир, Романова Анна, Чикуряев Загидулла, Бексултанов Олжабай, Жакупов Есет, Жолдыкеева Айтбала, Зоткин Василий, Кадырбаев Бейбит, Кадырбаев Ерсейт, Нурлашев Картай;
2) «Нұр-Астық 2005» ЖШС және Нұра аудандық сотының өндірісіндегі №3552-19-00-2/426 азаматтық ісі бойынша талап қоюшылар арасында бітімгерлік келісім жасасу;
3) «Нұр-Астық 2005» ЖШС мен «АбиЖер» ЖШС арасында 02.05.2018 ж. №11 кепіл шарты бойынша қосымша келісім жасау.

9. 2020 жылғы 15 қаңтарда заңды күшіне енген Алматы қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.10.2019 ж. шешімімен «Kompetenz» сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) қатысты тарату өндірісі қозғалды.
Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы №42 бұйрығымен Компанияның тарату комиссиясының құрамы тағайындалды, жұмыс телефоны: 8 (727) 227 31 61. Компания кредиторларының шағымдары: Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 176/48, тел.: 8 (727) 227 31-61 мекенжайы бойынша хабарландыру баспасөзде жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде жұмыс күндері сағ. 9:00-ден бастап 18:00-ге дейін қабылданады.
Шағымдарға қойылатын талаптың негіздемесі мен мөлшерін растайтын құжаттарды қоса беру қажет.

10. 01.01.2020 жылға АҚ «Delta Bank» тарату рәсімдерінің барысы туралы ақпарат
«Delta Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2018 жылғы 25 сәуірден бастап таратылуда.
2019 жылы 6 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі талаптардың ең көп мөлшерімен әр кезек өкілдерінен тұратын банктік кредиторлар комитетін бекітті. 01.01.2020 ж. Банк кредиторлары комитетінің 18 отырысы өткізілді.
Қазіргі уақытта тарату комиссиясы алтыншы кезектегі Банктің кредиторымен есеп айырысуды жүргізуде. 01.01.2020 ж. алтыншы кезектегі кредиордың талаптары 7,26% қанағаттандырылды, бұл ақшалай түрде 990 419 мың теңгені құрайды.
Тарату комиссиясы Банктің бағаланатын меншікті мүлкін сату және Банктің дебиторларынан дебиторлық берешекті өндіріп алу арқылы тарату массасын толықтыруды жалғастыруда.
Банк таратылғаннан бері жалпы сомасы 28 415 мың теңгеге мүлік сатылды, жалпы сомасы 1 001 825 мың теңге дебиторлық берешек өндірілді.
01.01.2020 ж. жағдай бойынша Банктің қаржылық көрсеткіштері туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсында (www.finreg.kz) «Қаржылық қадағалау» / «Қаржылық ұйымдарды тарату» / «Ақпарат тарату процесінің қазіргі жағдайы» бөлімінде орналастырылады.
Банкті тарату рәсімдеріне қатысты барлық сұрақтар бойынша, тарату комиссиясының мына мекенжайы бойынша хабарласу керек: Алматы қ., Достық даңғылы, 136, «Пионер-3» бизнес орталығы, 3-қабат, тел.: 8 (727) 339-46-76 (тарату комиссиясының төрайымы Ш.Т.Тоқсеитова).

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Ұялы тел.: 8(747)428-26-10
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89

E-mail:
zanreklama@mail.ru

«GoldKapital» ЖК
Нұр-Сұлтан қ.,
Абай көшесі,78,105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Қандыбаева» ЖК, Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92,тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

ТОО Арлан-консалтинг,
Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А». Тел.: 8 (705) 798-58-18

«TRade and service» ЖК,
Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., М.Горький көшесі,37,107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат.
Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ИП «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

Ершова Людмила ЖК, Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,20 б.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ИП «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ИП Новоселова, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

«Версаль Бизнес», Атырау қаласы,Сырым Датов көшесі,35-үй,«Сырым Тобе» БО,102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIROS», Алматы қ.,Жібек жолы көшесі, 55,Алма сауда орталығы,4-қабат,419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

КӨКЕЙКЕСТІ

МИЛЛИАРДТАР МАҚСАТҚА САЙ ЖҰМСАЛСА ЕКЕН

КҮН САЙЫН ҚАРЫШТАП ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛДЫНДА ЖАҢА МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР ТҰР. ОЛАРДЫ ШЕШУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ 2020–2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов атап өткендей, жаңа бағдарламада 2 мақсат, 5 бағыт, 11 міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған. Бұған дейінгі жобалардан бір ерекшелігі – негізгі проблемаларды анықтау және олардың шешімдерін табу 5 халықаралық зерттеудің нәтижелеріне байланысты болмақ.

Жаңа мемлекеттік бағдарлама бойынша қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, ғылымды қолдау міндеттері белгіленген. Министрдің айтуынша, аталған бағдарламаны іске асыруға 11 трлн 578 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылған.

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІНЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛГЕН

Жаңа мемлекеттік бағдарламада педагог мәртебесіне ерекше мән берілген. Мұғалімдерді қайта даярлаудың жаңа жүйесін енгізу және жалақының өсуі мектеп педагогтерінің мәртебесін көтеріп, жас мамандардың жаңа ағымын қамтамасыз етуға ықпал етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 4 жыл ішінде 500 мың педагогтің жалақысын 2 есеге арттыру қарастырылған. Педагогтерді қайта даярлаудың, біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі енгізіледі. Алдағы уақытта балабақша, қосымша білім беру, колледж педагогтерінің де жалақысы өседі, аттестаттау қорытындысы бойынша педагогтердің еңбегін нормалау жүйесі енгізіледі.

А.Аймағамбетов атап өткендей, мектеп пен ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматы, білім берудің барлық деңгейлерінде «Жас Қыран», «Жас Ұлан» қозғалысын одан әрі дамыту, театрға тарту, пікірсайыс қозғалысы, «құндылықтарға негізделген білімді» іске асыру, оқушылар мен студенттердің спорт лигасын құру жоспарланған. Балаларға арналған білім берудің барлық деңгейлерінде сапалы инклюзивті білім алуға жағдай жасалған. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру көрсеткіші 55%-дан асқан.

800-ГЕ ЖУЫҚ ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Елімізде балабақшада орын жетіспеушілігі, үш ауысымда оқыту және апатты жағдайдағы мектептер мәселелері орын алып отырғаны жасырын емес. Президент тапсырмасына сәйкес қабылданған жаңа бағдарлама аясында аталған мәселелер 2020 жылдан бастап өз шешімін табады.

Алдын ала жасалған болжам бойынша, мемлекеттік бюджет және жеке инвестициялар тарту есебінен 650 мыңнан астам орынға арналған 800 жаңа мектеп салу жоспарлануда. Құрылыс жұмыстары үшін 876 млрд теңге бөлінбек. Сонымен қатар, ауыл мектептерін қолдау бойынша «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бөлінетін 53 млрд теңгеге ауылдық тірек елді мекендерде 114 интернат салынады.

Құзырлы органдардың мәліметіне сәйкес, 2020 жылдан бастап 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшамен 100% қамту қарастырылған. Сапаны жақсарту мақсатында кезең-кезеңімен лицензиялауды қайтару және балаларды мектепке даярлауды жақсарту үшін тиісті бағдарламаларды енгізу қарастырылуда.

Сонымен қатар инвесторлар үшін де білім беру саласының тартымдылығының маңызы артып келе жатқандығын атап өтуіміз қажет. Премьер-министр А.Маминнің сөзінше, алдағы 5 жылда білім саласына тартылатын 11,5 трлн теңгенің 1,3 трлн теңгесі жеке инвестициялардың үлесінде болмақ. Бұл жеке инвесторлар есебінен 150 мың орынға қосымша мектептер салуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге арнайы күзет, бейнебақылау, қауіпсіз тасымалдау, тамақтану нормалары мен мөлшерін қайта қарау, асханалардағы қолма-қол ақшасыз төлемдерге біртіндеп көшу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша мемлекеттік тапсырыстарды жан басына қаржыландыру, кибер мәдениетті қалыптастыру мәселелерін 100% шешу жоспарланған. Сондай-ақ, буллинг пен суицидтің алдын алудың бірыңғай бағдарламасын енгізу де жоспарлануда.

ҰБТ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТҚА КӨШІРІЛЕДІ

Білім және ғылым министрінің айтуынша, профессорлық-оқытушылар құрамының жалақысын көтеру, білім беру гранттарын орта есеппен 340-420 мыңнан 900 мың теңгеге дейін арттыру арқылы университеттердің материалдық базасын жақсарту қарастырылған. 2011 жылдан бері грант құны өзгермеген. Ол үшін бюджеттен 244 млрд теңге бөлінеді. Бұдан басқа 10 университет әлемдегі үздік 500 университеттің қатарына қосылады. Осы оқу орындарында академиялық басымдық орталықтарын құру үшін 21 млрд теңге бөлінеді. Мұндағы алға қойған басты міндет кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын 100% жаңарту болып табылады.

Сонымен қатар, биылғы талапкерлер үшін күтпеген жаңалық – ҰБТ тапсыру тәртібі электронды форматқа көшіріледі. Бірнеше грант түрлері енгізіліп, жоғары білімнің қолжетімділігі мен ашықтығы қамтамасыз етіледі. Елімізде, әсіресе, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында оқитын студенттердің жатақханаға қолы жетпей, пәтер жағалап жүргені ащы шындық. Жаңа бағдарламада бұл жағдай да қарастырылыпты. 2025 жылға дейін 90 мың орындық жатақханалар салынады деп жоспарлануда.

Колледждерде іске асырылып жатқан баршаға арналған тегін техникалық және кәсіби білім беру бағдарламасы жыл сайын 100 мың студентті қамтымақ. Ал, қосарлы білім алумен қамтылған студенттердің саны 35%-ға жеткізіледі. Жаңа бағдарлама аясында колледж түлектерінің оқуын бітірген соң мамандығы бойынша жұмыспен қамтылу деңгейі 63%-дан 75%-ға дейін артады деп жоспарлануда.

БАСШЫЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

Кейінгі кезде білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау тәртібі туралы сұрақтар көбейіп келеді. Мәселен, бірқатар ұйымдардың басшылары 20 жылдан астам уақыт бойы бір жерде жұмыс істеп келе жатқаны қоғамда, еңбек ұжымдарында наразылық тудырып жүргені рас.

Бұл туралы Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов мынадай түсінік берді: «Жаңа жүйе бойынша балабақша, мектеп және колледж директорларын тағайындайтын боламыз. Сонымен қатар, алдағы уақытта ауыстыру жүйесін ротация арқылы қолданамыз. Қазіргі заман талабына сәйкес, білім беру саласы автономды басқарудан корпоративті басқаруға көшеді. 2021 жылдан бастап аудандық білім бөлімдерін басқару облыстық деңгейге өтеді. Қаржыландыру да облыстық деңгейге көтеріліп, өңірлер мен мекемелер арасындағы білім алшақтықтығын төмендетуге бағытталады».

Әрине, білім саласын түзеу немесе дамыту бір ғана министрдің немесе министрліктің қолынан келмейтіні анық. Ендеше жаңа бағдарлама мен жобалар сәтімен жүзеге асып, еліміз алдыңғы қатарлы, ұрпағымыз білімді, парасатты, болашағымыз жарқын да нұрлы болсын десек, осынау маңызды іске бүкіл қоғам болып қолдау білдіргеніміз ләзім.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ӨЗ ОЙЫМ

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,
республикалық «QAZBILIM» орталығының директоры, KAZBILIM.KZ порталының бас редакторы:

— «Мұғалім мәртебесі туралы» заң талқылауға түскенде, көпшілік экономикалық жағын айтып кетті де, кез келген заңның өзегі болуға тиісті құқықтық нормативтік жағы ескерілмей қалды. Мысалы, педагогпен тікелей жұмыс жасайтын әкімшіліктің, мұғалімнің, ата-ананың, оқушының міндеттері мен құқықтары сәл айқындалуы керек еді. Талқылау басталған кезде-ақ мен «Балалар құқығы туралы» заң да өзгеруі керек деп айтқанмын. Себебі, мұғалімге тіл тигізген баланы жазалау туралы бап бар, ал «Балалар құқығы туралы» заңда бұл мәселе көрсетілмеген.

Қала мектебі мен ауыл мектебінің арасындағы айырманы жою бұған дейін де айтылған. Ең алдымен кадр мәселесін шешу керек, аудан орталықтарында мектеп интернаттарды көбірек салған дұрыс. 50 баласы бар мектепті қала мектебімен теңестіру — босқа тыраштану. Өйткені бала бәсекеге бейімделіп өсуі керек. Ал, әрбір сыныпта бес-алты баладан болса қандай бәсеке болуы мүмкін? Бұл — популизм.

Дарынды балалармен жұмысты бізде НЗМ, БИЛ, «Дарын» сияқты санаулы мектептерге жүктеп қойған. Алайда мың оқушысы бар мектепте дарынды балалардың болмауы мүмкін емес, бұл — ұлтты дарынсыз, қабілетсіз деп көрсетудің бейнесі. Олар — білім саласының локомотиві. Бұл мәселеге басқаша қарайтын уақыт жетті.

ҰБТ кезінде қалта телефонын қолдану білім сапасын құлдыратып жібергені анық. Осы мәселеге басқаша көзқараспен қарау мақсатында электрондық форматқа көшу — кезек күттірмейтін шаруа. Бұл түлектердің таза білімінің көрсеткіші болмақ.

ТҮЙТКІЛ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ №2 СОТЫНДА "ӘСЕМ" БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ ЖАДЫРА ҚОСЖАНОВАҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚАРАЛЫП ЖАТЫР. ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫ ОҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ 141-БАБЫНЫҢ 1-БӨЛІГІ БОЙЫНША (БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРДІ ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАУ) АЙЫП ТАҒЫП ОТЫР. БҰЛ БАП БОЙЫНША 2 МЫҢ АЕК-КЕ ДЕЙІНГІ АЙЫППҰЛ МЕН 2 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.

АЙЫПТАЛУШЫ ОРЫНДЫҒЫНДА – балабақша меңгерушісі

Оқиға өткен жылы тамызда болған. Сот материалдарына қарағанда, «Радуга» тобының тәрбиеленушісі Полина Ратникова балабақшадағы түскі ұйқы кезінде екіқабатты керуеттен құлап, басми жарақатын алған.

Қызым үйге келгеннен кейін бірнеше рет лоқсып, құса бастады. Астан уланып қалды ма деп ойладым. Балабақшаға барғанымда меңгеруші оның құлап қалғанын айтты. Бірақ Полина басымен құламаған, тек аяғын ауыртып алған көрінеді. Алайда облыстық балалар ауруханасының дәрігері мұны жоққа шығарды. Баланың миы шайқалған, төбе сүйегінде жарық бар болып шықты. Емделіп шықтық. Қазір жағдайы тұрақты. Дегенмен бас сүйегінде қысым бар. Сондықтан невропотологтың бақылауында тұрмыз, – дейді Наталья Ратникова.

15 қаңтар күнгі сот отырысы кезінде балабақша қызметкерлерінен куә ретінде жауап алынды. Төсектен құлаған балаға медбике Ақмарал Өтешова алғашқы медициналық көмек көрсеткен.

– Бала аяғының ауырып тұрғанын айтты. Денесінен өзге жарақат байқамадым. Ол тамақ ішіп, балалармен ойнап кетті. Жағдайы жақсы болғандықтан, ата-анасына ескерткен жоқпын, – деді ол. Сол күні екінші ауысымдағы тәрбиеші де жұмысқа келмей қалған.

Ал, балабақша құрылтайшысы Раушан Аймұқанова оқиға болған кезде отбасы жағдайымен Астанада болғанын айтады. Дегенмен естіген бойда Ақтөбеге келіп, жәбірленушіден кешірім сұраған. Тіпті көмек те ұсыныпты. Алайда Наталья Ратникова одан үзілді-кесілді бас тартқан.

– Жәбірленушінің үйіне барып, кешірім сұрадым. Оған баланың 1 жылдық емін төлеуге әзір екендігімді айттым.Тіпті баланы балабақшаға тегін қабылдайтынымды жеткіздім. Алайда олар бізбен сөйлесуден бас тартты. Өзінің адвокатымен жолығуымды сұрады, – деді ол.

Меңгерушінің айтуынша, балабақшаға 4 бейнекамера орнатылған. Алайда құрылғылар балалар тынығатын жерде орналаспағандықтан, болған оқиға оған түспей қалған. Ал құрылтайшы Раушан Аймұқанова баланың жарақат алуына өзге қызметкерді орнына тастап кеткен бұрынғы тәрбиешіні кінәлап отыр.

– Болған оқиғадан кейін жиналыс өткізіп, оқиғаның ақ-қарасын анықтауға тырыстық. Бөлім меңгерушісі баланың кереуеттен құлап қалғанын айтты. Орнына басқа қызметкерді тастап кеткен Сливченко өзін кінәсізбін дейді. Жәбірленушілер оған ештеңе болмайтынын айтыпты. Ол сол күні ауруханаға асығып кетіп қалған. Келесі күні де баруына болатын еді ғой?! Тіпті балабақша меңгерушісінің сөзіне де құлақ аспаған. Ол өзінің орнына басқа тәрбиеші тауып кетуі керек еді. Тәрбиешіге істі сотқа жеткізбей, 1 млн 300 мың теңгені бірге тауып беруге ұсыныс жасадым. Бірақ ол келіспеді. Жәбірленушінің анасына барынша көмектесуге дайынмын. Мен де анамын. Жәбірленушінің баласы да оның көптен күткен, жалғыз баласы екенін жақсы білемін. Тек олар көп ақша сұрап отыр. Оған балабақша қызметкерлерінің жағдайы келмейді, – деді ол.

Сот отырысы кезінде жәбірленушінің адвокаты Людмила Никифорова балабақша меңгерушісімен келісімге келуге дайын екенін айтты.

– Заң бойынша, жәбірленушіге келген материалдық және моральдық шығынды өтеген жағдайда келісімге келуге болады. 1 млн 300 мың теңге көлемінде талап-арыз беріліп отыр. Алынған дәрі-дәрмектің құжаты бар. Алайда мүліктік жағдайды ескере отырып, біз 1 млн теңге төлеген жағдайда келісімге келуге дайынбыз, – деді ол.

Айыпталушы Жадыра Қосжанова өзіне тағылған айыпты мойындап отыр. Сотта ол шығынды өтеуге 10 күн уақыт сұрады.

– Қосжановаға тағылған айып онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады. Сол себепті тараптар татуласқан жағдайда, қылмыстық іс қысқартылуы мүмкін. Сотталушыға осындай мүмкіндік беріледі. Істі қарау кейінге қалдырылады, – деді судья Сандуғаш Ізбағамбетова.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
Ақтөбе қаласы
Суретке түсірген автор

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – президент **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Камила ЫСҚАҚОВА**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.

Алматы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.

Айтақын Бұлғақов 8 705 111 37 21.

Ақмола Қалкөз Жүсіп 8 701 300 14 74.

Түркістан облысы Шадияр Мекенбайұлы 8 775 733 56 65.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

Жеке таралым 5942 дана
Апталық таралым 11884 дана

Тапсырыс №9 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31